Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында мектепке дейінгі білім беру жүйесіне негізгі міндеттерді белгіледі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде оқытудың заманауи әдістемелерін енгізу;
2. Балаларды мектепке дейінгі білім мен тәрбиені қамту;
3. Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету.

Осындай игі бастаманы жүзеге асыруда Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының бұйрығымен 2013-2014 оқу жылынан бастап Тараз қаласының №33 «Айсәуле», №35 «Ер Төстік», Байзақ ауданының «Астана» балабақшалары эксперименттік алаң ретінде таңдалынып алынды.

- 1.«Балабақша жағдайында инновацияларды енгізуді ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» («Астана» балабақшасы);

2. «Балабақшада жобалық іс-әрекет арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары» (№33 «Айсәуле» балабақшасы);

3. «Балабақша жағдайында көптілдікке тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілері» (№35 «Ер Төстік» балабақшасы).

Эксперименттік жұмыстардың зерттеу тақырыптары мен мәселелері әр түрлі болғанмен де негізгі бағыты, мақсаты бір, яғни балабақша жағдайында инновацияны ендіру.

Эксперименттік алаң жұмысын жүргізудің негізгі мақсаты: Балабақша жағдайында инновациялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру, жана бағдарламалар әзірлеу, оқу-әдістемелік кешендер жасау, озық іс-тәжірибелерді насихаттау.

Аталған инновациялық эксперименттік жұмыс, бүгінгі таңда көкейкесті, өзекті тақырыпты ғылыми тұрғыда негіздеу, жобаны жасау, тәжірибені апробациядан өткізіп, тиімді нәтижесін шығаруға бағытталған. Осы тұрғыда балабақшаның практик-мамандары мен М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті мен Тараз мемлекеттік институтының ғалым-мамандарымен сабақтастық байланыс орнатылып, келісім шарт жасалды. Экспериментті жүргізуге, балабақша ұжымынан шығармашыл, жаңашылдық бастамамен жұмыс жасай алатын педагогтар іріктелініп алынды.

Экспериментті үйлестіруші арнайы 7 штаттық бірлік бөлінді:

1. Инновация әдіскері;
2. Психолог;
3. 5 қосымша білім беру педагогтары.

Ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмыс негізгі үш кезеңде жүзеге асуда:

1. Бірінші кезең: Теориялық даярлық кезеңі (2013-2014жж);
2. Екінші кезең: Тәжірибелік ендіру кезеңі (2014-2016жж);
3. Үшінші кезең: Жалпылау-қорыту кезеңі (2016-2017жж).

Балабақша жағдайында эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары анықталды:

1. Басқару-ұйымдастыру қызметі;
2. Жұмысты ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Педагогтармен жұмыс;
5. Психологтық-педагогтық бағыт;
6. Бақылау, реттеу жұмыстары.

№33 «Айсәуле» балабақшасында ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмыс тақырыбына байланысты «Қолданбалы жаратылыстанудың шағын академиясы» экологиялық жобасы жасалып, ол ортаңғы және ересек топ балаларымен жүргізіледі.

Жоба білім берудің:

- «Таным», «Әлеуметтік орта» білім беру салаларының экология негіздерінде;

- «Денсаулық» білім беру саласының валеологияда;

- «Шығармашылық» білім беру саласының бейнелеу өнері оқу іс-әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Ортаңғы топта «Табиғат зерттеушілері» ұзақ мерзімді жобасы жүргізіледі:

1. Экология негіздерінде: «Табиғат әлемін танып, білемін» жобасы;

2. Валеологияда: «Табиғат-денсаулық көзі» жобасы;

3. Бейнелеу өнерінде: «Табиғаттың алуан түрлі бояулары» жобасы.

Ересектер тобында ұзақ мерзімді:

1. «Жыл мезгілдері» жобасы;

2. «Құстар-достар» жобасы;

3. «Жануарлар дүниесі» жобасы;

4. «Өсімдіктер әлемі» жобасы;

5. «Менің туған өлкем» жобасы жүргізіледі.

Бүгінгі таңда жобалау әдісін қолдану өзекті мәселе, ол баланың алған білімінің мән-мағынасын, оны өмірде өз бетінше қолдана алуына байланысты. Қазіргі таңда жобалау әдісі білім беру жүйесінің кіріктірілген құрамы болып табылады. Педагог өз қызметін ғана жобалап қоймай, ата-аналармен, балалармен бірлесіп қызықты жаңа жоба құрайды.

Жобалау іс-әрекетінің негізгі кезеңі:

1. Мақсат қою: белгілі бір уақыт мерзімінде балабақша жағдайында балалар шеше алатын өзекті мәселені анықтап алуға көмек береді;

2. Жобаны жасау, мақсатқа жету үшін балалармен бірге атқарылатын іс-әрекет жоспары құрылады;

3. Жобаның орындалуы, яғни тәжірибелік іс-әрекет;

4. Қорытынды шығару, жобаны қорғау, жаңа жобаның міндетін анықтау.

Осындай қиындықтар туындағанда балаларға педагогтар көмек көрсетуі қажет. Педагогтардың көмегімен экологиялық жобалар жасауда балалардың шығармашылығы артып, танымдық қызығушылығы қалыптасады, ақыл-ойы, есте сақтау қабілеті дамиды. Жобалау іс-әрекеті балалардың белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген қызығушылығын баланың өз қолымен зерттеп, танып, ізденуіне, тәжірибелер жасауына мүмкіндік жасайды.

Жобалау әдісін балабақшаға енгізудің тиімділігі:

- Балалардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін, өз бетінше әрекет ете алуын, тіл байлығын арттырады;

- Балалардың мектепке толық даяр болу деңгейін, өздігінше ой-қорытуын дамытады;

- Балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастырады;

- Балалардың мектепке дейінгі мекемеге келуге деген құштарлығын, белсенділігін арттырады,

- Ата-аналардың жобаға белсене қатысуы артады.

Жобамен жұмыс барысында арнайы даярланған ортада балалар:

- Ғылыми орталықтағы заттарға қызығушылық танытады;
- Балалар «Неге? Не үшін? Қалай?» деген сұрақты қойып, жауап алады; (сондықтан, жобаны жүзеге асыруда эксперимент жасау арқылы іс-тәжірибені тікелей ұстап көрсету, дәлелдеу мақсаты қойылады).
- Танымдылық әдебиеттерге, зерттеуге деген қызығушылығы туындайды;
- Қоршаған ортада болып жатқан құбылыстар туралы ойларын жеткізе алады, балалардың дүниетанымы кеңейіп, өздігінше ой қорытуға, тұжырымдар жасауға талпынады.
- Өз беттерінше зерттеу үлгісін құрып, тәжірибе жасайды;
- Алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады.

Бұл шақта балалар заттар мен құбылыстар туралы, жалпы болмыс жайлы білімді, әсіресе көргісі келген объектісін, білгісі келгенін тез және толық қабылдайды. Сондықтан да, жобалық іс-әрекеттің бағыты балаға берілетін білім элементтерін тікелей көрсету, ұстату, сипап-сездіру, таныту арқылы жүзеге асады. Бала тікелей көрген, сезген объектісін ғана қабылдайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың балабақша қабырғасындағы алған білімдері, олардың бастауыш мектепте жүйелі білім алуына негіз болады.

Балабақша жағдайында ғылыми-педагогикалық экспериментті жүргізуге, жобаны апробациядан өткізуге арнайы материалдық-техникалық жағдайлар жасалды. Атап айтқанда, «Зерттеу орталығы», «Әдістемелік орталық», «Бейнелеу өнері» кабинеті, «Психолог» кабинеті, «Қысқы бақ» жасалды. Зерттеу орталығында балалар түрлі жобалық іс-әрекеттер жасайды, қарапайым тәжірибелер жасап, өзін ізденуші, зерттеуші ретінде сезінуіне жағымды ахуал қалыптастырылған. Зерттеу орталығында тәжірибе жасауға арналған пробирка, лупа, микроскоптар, алгоритмдер, бақылау картасы, бассейндер, суға және құмға арналған ыдыстар, таразы сияқты құралдар бар. Құрал-жабдықтар балалар үшін қол жетімді сөрелерде орналастырылып, қарапайым тәжірибелер жасауға жағдайлар жасалған. Эксперимент жүргізуші педагогтарға арнайы әдістемелік кабинет жабдықталды, олардың шығармашылықпен жұмыс жасауына қажетті оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, әдістемелік нұсқаулықтар және ақпараттық-техникалық құралдар қамтамасыз етілді (компьютер, интерактивті тақта, ноутбук, принтер, көшірме аппараты, фотоапарат, мультимедиялық тақта, т.б. интернет желісіне қосылған).

Экспериментке қатысушы топ балаларының бос уақытын ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының жоспары жасалды:

- 1) 5+ жасар балаларға арналған «ABCD» ағылшын тілі үйірмесі.
- 2) 4+жасар балаларға арналған «Расскажу сам» орыс тілі үйірмесі.
- 3) 3+ жас балаларға арналған «Тәтті тіл» қазақ тіл үйірме жұмыстары ұйымдастырылып жұмыс жасауда.

Ғылыми-педагогикалық экспериментті жоғары деңгейде жүргізіп, жобаны апробациядан нәтижелі өткізу үшін балабақшаның әкімшілік тарапынан арнайы материалдық-техникалық жағдайлар жасалды. Атап айтқанда, «Тілдік-танымдық шеберхана», «Лингофондық кабинет», «Инновациялық-әдістемелік

орталық», «Арт-терапия», «Психологиялық қызмет» кабинеттері жасалып, жабдықталды. Тілдік-танымдық шеберханада ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, үйірме жұмысы, жеке жұмыстар жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай лингофондық құрылғылар мен ноутбуктар, интерактивті тақталар үш тілді меңгерудің бірден бір, тиімді құралы болып табылады. Эксперимент жүргізуші педагогтарға арнайы әдістемелік кабинет жабдықталды, олардың шығармашылықпен жұмыс жасауына қажетті оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, әдістемелік нұсқаулықтар және ақпараттық-техникалық құралдар қамтамасыз етілді (компьютер, интерактивті тақта, ноутбук, принтер, түрлі-түсті принтер, көшірме аппараты, фотоапарат, мультимедиялық тақта т.б. интернет желісіне қосылған).

Балаларға үш тілді меңгертуде көптеген инновациялық технологиялардың элементтері қолданылады. Атап айтқанда, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (интерактивті тақтамен флипчарт-сабақтар, Актив студио, Рио студио, Power Point бағдарламалары, лингофондық құрылғылар, балалар ноутбугы, планшеттер т.б.), ойын технологиясы (дидактикалық ойындар, логикалық ойын-тапсырмалар, ойын-жұмбақтар, ойын-саяхаттар, т.б.).

Ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмыстың барысы мен әр кезеңі бойынша қалалық, облыстық білім бөлімдеріне есептер беріліп, арнайы тәжірибелік семинарлар, шебер-сыныптар, тренингтер ұйымдастырылады.

Бүгінгі таңда эксперименттік жұмыстың 3-кезеңі бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Жалпы эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыруда негізгі күтілетін нәтиже:

- Ғылыми-педагогикалық жұмыстың тиімді нәтижесін шығару;
- Құзіреттілігі қалыптасқан балабақша түлегін қалыптастыру;
- Оқу-әдістемелік кешеннің жарық көруі, озық іс-тәжірибені насихаттау.

В докладе рассмотрен вопрос об организации творческой и проектной деятельности в повышении познавательной активности дошкольного возраста и условия его сознания.

This article discusses the value and conditions of organization of project activities in the process of development of creative thinking and cognitive activities in the preschool education.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауы». //Егемен Қазақстан 2015 ж.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбиелеу білім беру стандарты.- Астана 2012 ж.
4. Жанпейісова М.М. Жаңа оқыту технологиясы. – Алматы, 2002.

5. Керімбаева Р.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру.-Тараз, 2010.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ҰЙЫМДАСТЫРУ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛЕРІ

¹ С. Ж. Ибадуллаева., ²Л. Раманова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университеті

1-биология ғылымдарының докторы, профессоры

2- биология ғылымдарының докторы

Жоғары педагогика пәні еліміздегі жалпы кәсіби білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Кәсіби білім беру деп қазіргі күні кәсіби оқыту және тәрбие беру нәтижесін, адамның жеке тұлғасын дамыту және қалыптастыруды атайды. «Кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі болып, кәсіби қызметті меңгеруге, қажетті жағдайда-адамның қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес, пайдалы қоғамдық еңбекке қамту үшін қайта біліктілік беруге немесе біліктілік алуына жағдай жасау болып табылады.

Кез келген адам үшін оның кәсіби білімі екі ипостас тұрады:

- өзін-өзі көрсету құралы, тұлғаның өзін-өзі тұлға ретінде дәлелдеуі ретіндегі құрал ретінде, өйткені адам еңбекте, оның ішінде кәсіби еңбекте өзінің қабілеттерін ашып көрсетеді;

– нарықтық экономика жағдайында әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі қорғау және бейімделу, тұрақтану құралы ретінде қарастырылады.

Кәсіби білім берудің құрамдас бөлігі ретінде жоғарғы педагогика пәні үшін негізгі даму тенденциялары болып:

-әрбір білім беру деңгейін үздіксіз білім берудің органикалық жүйесі ретінде жан-жақты түсіну, оның әртүрлі деңгейінің сабақтастық мәселелерінің шешілуі;

-оқытуды компьютерлендіру және технологияландыру;

-оқушылардың іс-әрекетіне мәселелелік элементтерін, ғылыми ізденіс, өзіндік жұмыстардың әртүрлі формаларын қамти отыра, ақпараттық оқыту әдістерінен белсенді оқыту әдістері мен формаларына, қайталау мектебінен түсіну және ойлай білу мектебіне өту;

– педагог пен студенттің акцент оқытушының оқыту әрекетінен оқушының танымдық іс-әрекетіне ауыстырылатын өзара әрекетін ұйымдастыру формасына өту табылады.

Қазіргі күні акценттер ауыстырылған: білім берудің негізгі мақсаты белсенді іс-әрекетке, барлық формалардағы еңбекке, оның ішінде кәсіби-шығармашылық еңбекке қабілеттілікті қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай елімізде инновациялық педагогикалық қозғалыс күшейді. Қазіргі кездегі инновациялық белсенділік, жоғарғы педагогикалық білімді жаңартудың ұйымдық-құрылымдық бағытын, мазмұнының бағытын концептуалды әзірлеумен байланысты.

Бұл процестердің негізі болып, соңғы үш онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан педагогикалық білім беру табылады. (О. А. Абдуллина, Е. В. Бондаревская, В. И. Загвязинский, В. С. Ильин, Н. М. Кан-Калик, В. А. Сластенин и др.).

Педагогикалық білім беруді дамытудың қазіргі заманғы инновациялық бағыттарының арасынан жеке тұлғаға бағытталған білім беруді, инновациялардың теориясын әзірлеуді; білім берудің ұйымдық-құрылымдық моделін дамытуды, көпдеңгейлі білім беру жүйесін атауға болады:

Соңғы он жылдықта педагогикалық инноватиканың теориялық негізі К. Ангеловски, Н. С. Бургин, В. И. Журавлев, В. И. Загвязинского, М. В. Кларин, В. Я. Ляудис, П. С. Подымова, С. Д. Поляков, М. М. Поташник, В. А. Сластенин, О. Т. Хомерики, Т. И. Шамова, Н. Р. Юсуфбекова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сонымен қатар ЖОО оқыту процесінде болашақ педагогтың инновациялық потенциалын (әлуетін) дамыту және мүмкіндіктері мен педагогикалық біліктілігін қалыптастырудың ерекшеліктері анықталған.

Инновациялық тәсілдердің пайда болуына байланысты педагогикалық жоғары оқу орнында оқу-тәрбие процесіндегі өзгерістерді бес аспектіде қарастырамыз:

- Біріншіден, қазіргі кезге дейін оқыту процесі адамзаттың алдында жинақтаған тәжірибесі арқылы жасалған жалпылама нәтижелерді меңгеруге бағытталған.

Бірақ қорытындыланған нәтижелер ғылыми білімде беріледі де, оны жүзеге асыру тәсілдері, құралдары, іс-әрекеттің өзін меңгеру мәселелері оқу-тәрбие процесінен тыс қалып жатады.

Оқытудағы адамның тұлғасын дамытудағы маңызды нәрсе болып, тек білімді меңгеру емес, іс-әрекет құралдары мен тәсілдерін, процесін меңгеру болып табылады.

Екіншіден, жалпы қорыту негізіндегі әлеуметтік тәжірибенің жалпы нәтижелерін меңгеру- мінсіз (оның нәтижесі сияқты) процесс.

Қоғамның қызметінің жалпы нәтижелері ретінде ғылыми білім де қарастырылады. Ғылыми білімнің құрылымы пәндік болғандықтан, негізгі нәтижелерді игеру ғылымның негізгі салалары бойынша білімді меңгеру болып саналады. Олармен қатар әрбір адамда сезу, қабылдау, образдық түсінік деңгейінде образдық (сезімдік) білім пайда болады.

Дидактика дәстүрлі тұрғыда бұл білім түріне оқытудағы көрнекілік принципіне сәйкес көп көңіл бөлген. Образдық оқытудың табысты кәсіби білім берудегі, оның ішінде педагогикалық білім берудегі маңызы зор.

Студенттердің сезімдік (образдық) оқыту оқу-тәрбие процесінің арнасынан алшақтап кеткендіктен, образдық және теориялық білім арасындағы өзара байланыс мәселесі де елеусіз қалған болатын.

Үшіншіден адамның іс-әрекеті екіжақты білім негізінде жүзеге асырылады: объекті (ақиқат) туралы және іс-әрекеттің мақсаты, процесі, тәсілі, құралдары және шарттары туралы, іс-әрекет туралы білім негізінде.

Біріншісіне мысалы заңдар туралы білім жатады. Екінші реттегі білімге технологиялар, іс-әрекеттер және операцияларды орындау ережелері жатады. Дидактикада бұл білімге ұзақ уақыт тиісті дәрежеде көңіл бөлінбей келді. Бұндай білімсіз кәсіби шеберлікті қалыптастыру мүмкін емес болғандықтан, олар студенттерде олардың оқу-тәжірибелік жұмыстарды орындауы, нұсқамадан өту, демонстрациялау процесінде қалыптасады.

Іс-әрекеттер туралы білім теория емес, нақты түсінік деңгейінде қалыптасады. Бұндай жағдайда жинақталған шеберліктердің кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі жағдайындағы жан-жақты қосымшалары болмады.

Соған қарамастан студенттердің жалпы әрекеттер туралы жалпылама қорытындылаудың жоғары деңгейін қалыптастыру мүмкіндігіне байланысты, кәсіби педагогиканың тиімділігін арттыруға қажетті мол мүмкіндігі бар.

Төртіншіден, Новиков А. М. (344) айтып кеткендей оқыту әдіснамасы және теориясы бойынша әдебиеттерде топтық субъектінің, қоғамдық білім (ғылымдар жүйесі) және жеке адамның білімі бірге араластырылып қарастырылған.

Егер қоғамдық білім адамнан бөлек қпарат тасмалдаушысында бола алатын болса, адамның білімі, оның құндылықтарының жүйесімен тығыз байланыста болады.

Адамның кез келген іс-әрекетіне екі момент тән-объектілік-ғылыми және сезімдік, бастан кешіретін және құнды кезеңдері бір біріне байланысты, бір бірінсіз өмір сүре алмайды, әрбір адамның нақты ақиқатқа практикалық қатынасымен байланысты болады.

Бірақ оқу материалын іріктеу және жүйелеу кезінде бұл ереже есепке алынбайды. ЖОО пәндерінің мазмұнын жасау кезінде авторлар олардағы ғылыми білімді оны студенттің меңгеру мүмкіндігі, ары қарай пайдалану қажеттілігі, алынған білімді субъектінің қабылдауы тұрғысынан емес, ғылыми білімнің құрылымы тұрғысынан жақсы жаңаша жүйелендірілген түрде көрсетуге тырысады.

Бесіншіден қазіргі кезге дейін шешілмеген кәсіби білім берудің теориялық-әдіснамалық мәселесі болып, оның адамгершілік-құндылық реттегіштерін есепке алмай болып табылады.

Б. Н. Бестужева, В. А. Герасименко, Е. А. Мамчур, М. Полани және басқаларының еңбектерінде, ғылыми тәжірибедегі тиімді-объектілік және

адами-субъектілік бастау диалектикасы ғылым мен адамгершілік коллизиясы ретінде қарастырылады.

Адамгершілік мағынасына зерттеушінің бір сәттік нақты іс-әрекеті тән. Тарих, ғылым тәжірибесі, оның тарихи қалыптасқан әдіснамалық принциптеріне адамгершілік мағынасы тән.

Жеке жетістіктерді бағалаудағы қарапайымдылық, кез келген білімнің салыстырмалылығының түсінігі. Қарапайымдылық бұл жағдайда алдыңғы буынның тәжірибесіне жүгінбей ғылымда жеке табысқа қол жеткізудің мүмкін еместігін түснуімен байланысты ерекше әдіснамалық реттегіш ретінде қарастырылады.

«Егер мен алысты көре алған болсам, онда мен алыптардың иығында тұрып көргенмін»(И. Ньютон).

Оппоненттің (қарсыластың) пікірін сыйлау. Басқаның пікірін сыйлау-сұқбатқа даярлық, басқаның пікіріне төзімділік, дүниенің көп қырын көре білу және ақиқатқа апаратын жолды білу.

Бұл адамгершілікті-құнды реттегіштің ойлаудың диалогтық табиғаты, ғылыми теориялардың бәсекеге қабілеттігі, таным процесі қайшылықтарды жою ретіндегі объективтік әдіснамалық негіздері болады.

Жеке іс-әрекеттің рефлексиясы ғылыми іс-әрекеттің қажетті салдары ретінде, өзінің табиғаты бойынша рефлексивтік, соның нәтижесінде адамды өзінің жеке іс-әрекетін пайымдауға ықпал етеді.

Принципшілдік, сыртқы құбылыстар мен оқиғаларға деген жеке көзқарастың болуы. Бұл құнды бағдарда ғылыми іс-әрекеттің диспозициялық имманентті қасиеттері анықталады: оны зерттеуші зерттеп отырған нысанына концептуалдық қарамайтын болса жүзеге асыра алмайды және ол оның болмысының басқа да тұстарына қолданылады және адамды ғылыммен байланыстыратын жеке іс-әрекет жасауынан көрінетін принципшілдік формаға ие болады.

Жоғары педагогика пәнінде оқу-тәрбие процесін қайта бағыттау қажет екені айқын, және ол біздің ойымызша екі негізгі мәселенің шешілуіне байланысты болмақ:

1. Студенттердің кәсіби қызмет негіздерін толыққанды меңгеруіне қажетті және жеткілікті болатын жүйені құру; іс-әрекетті меңгеру негізіне алынатын, сезімдік және оңтайлы(теориялық) білімнің өзара байланысын анықтау іс-әрекет, оның мақсаттары, тәсілдері, құралдары және шарттары туралы білім жүйесін жетілдіру; іс-әрекет туралы білімнің жалпыламалық деңгейін арттырудың мүмкінді жолдарын іздестіру.

2. Теориялық білімді қалыптастыру процесінде студенттердің тәжірибелік қажеттіліктерін, құнды бағдарларын жүзеге асыру тәсілдерін, теориялық білімді тәжірибеде пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын іздестіру.

Аталған мәселерді шешу педагог-биологтарды даярлауға, оның ішінде биологиялық білімімен байланысты бөлігіне тікелей қатысты.

Биологиялық білім деп – тек процесті ғана емес, болашақ педагогтың мұғалім ретіндегі кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі ретіндегі биологиялық білімді жүйелік меңгеруінің нәтижесін атайды.

Педагогикалық ЖОО биологияны оқытуды ұйымдастыру тәсілдерін талдау олардың арасынан келесі негізгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Феноменологиялық (табиғи– тарихи) тәсіл. Ол әдетте зерттелетін объекті, құбылыс немесе процестің тікелей бақылаудағы ерекшеліктері мен қасиеттеріне бағытталған сипаттамалық, фактологиялық ретінде түсіндіріледі.

2. Мағыналық (физикалық-химиялық) тәсіл. Объектілердің, құбылыстардың және процестердің және олардың компоненттерінің табиғатта тікелей анықталмаған ішкі ерекшеліктері мен байланыстарына және олардың арасындағы заңдар, категориялар, ұғымдардың арасындағы әртүрлі байланыстарға бағытталады.

Феноменологиялық және мағыналық тәсілдердің арақатынасының мәселесі жоғары оқу орнында биологияны оқыту табиғат объектілерінің әртүрлі және күрделі болу себебіне байланысты маңызы зор.

Оларды зерттеу әртүрлі сыртқы құбылыстарды сипаттаумен қатар, объектілердің өзінің ішіндегі және әртүрлі сыртқы факторлары тарапынан көптеген байланыстар мен қатынастардың сипатын, себебін талдауды талап етеді.

Студенттерге биологияны оқытуға қойылатын маңызды талаптардың бірі болып, «мағына» және «құбылыс» категорияларының арақатынас диалектикасынан туындайтын аталған екі тәсілдің өзара толықтырылуы табылады.

3. Эволюциялық тәсіл. Бұл тәсілдің маңызды ерекшелігі болып, ғылыми таным стилін қалыптастыру табылады. "Ғылыми таным стилі» терминін әйгілі физик М.Борн алғаш енгізген, және қазіргі заманғы мағынасы бойынша әртүрлі объектілер мен құбылыстарды зерттеудің ғылыми тәсілдерінің қалыптасқан нормаларын білдіретін жалпы қорытынды болып табылады.

Биологиялық білім беру контекстінде бұл оның барлық салаларына көпнұсқалы, биология ғылымының көп ғасырлық даму барысында қалыптасқан нормалар жүйесін білдіреді.

Эволюциялық тәсілдің ерекше белгілерінің бірі болып, зерттеу барысында жинақталған нақты фактілерді негізге алатын зерттелетін құбылыстар мен процестерді, дәлелдеулер мен тұжырымдарды негіздеу кезінде логикалық қисындылығын басшылыққа алатын жан-жақты жоспарлы талдау табылады.

Педагогикалық ЖОО биологияны оқытуды ұйымдастырудың барлық үш тәсілі тарихи қалыптасқан және ақпараттық деп аталатын дидактикалық тәсілмен толықтырылған.

Ол оқу материалының блоктарын зерттеудің ретін, уақытты мөлшерлеуді ақмтитын оқу материалын жоспарлаудың әртүрлі түрлерімен байланысты.

Бірақ бұл процесс интуитивті жүзеге асырылады. Қазіргі күні мәселені шешу жолдарының бірі болып, ақпараттық бірліктермен тиісті модельдерді бағалау арқылы оқу процесін математикалық модельдеу табылады.

М. В. Вальдиннің пікірі бойынша [94, С. 129–130], нақты математикалық түсіндіру, оқу материалын объективтік өлшем бірліктерінде бағалау үшін және сандық көрсеткіштермен оның көлемін көрсету үшін қажет.

ЖОО білім беру процесінде кез келген ғылым оқу пәндерінің жүйесімен көрсетілетіні белгілі. ЖОО биологияның да пәндік құрылымы бар.

Б. Д. Комисаровтың пікірі бойынша [219, С. 23], - бұл фактілердің, ғылыми тіл, гипотеза, заңдар, теориялардың жинағымен, зерттеу әдістері мен жеке пәндерді қамтитын құрылымдық-ұйымдық және дидактикалық бірлік.

Биологияның ғылым ретінде қалыптасуының философиялық негіздемесін Ф. Энгельс материяның қозғалыс формасы туралы ілімінде береді. [Табиғат диалектикасы].

XXғ. ішінде биология ғылымы үздіксіз дифференциаланды (сараланды), бірақ ол жақсы құрылған мекемені емес, бір шатыр астындағы бірнеше еншілес кеңселерді еске түсіреді.

Ғылымның бастапқы тұсы мәдениет жүйесінен келетін идеялардың әсерінен дамып келеді. Қазіргі заманғы биология әлі кезге дейін ғылымы өркениеттің бейнесіне бағытталған. Оны өркениеттен мәдениетке қайта құрудың әртүрлі себептері бар. Олардың ішіндегі маңыздылары ретінде төмендегілерді атауға болады.

Біріншіден, қазіргі биология техника, философия, ғылым, этика, эстетиканың өзара әсерлерінің векторы қиылысатын нүктені білдіреді. Сондықтан биологиялық білімді мәдениетке бағыттау әдіснаманың қазіргі заманғы жағдайына сәйкес.

Екіншіден, дүниенің тұтас түсінігіне мәдениетті философия, этика, эстетика, техникамен синтездеу негізіндегі жүйеде қол жеткізуге болады.

Басқаша айтқанда артында ғылым тұрған оқу пәні мәдениет жүйесіндегі осы ғылымның моделі ретінде құрастырылуы тиіс.

Үшіншіден, өмір туралы ғылым гуманистік идеялар мен экологиялық ойлау стилінің тасымалдаушысына айналып отыр.

Биологиялық танымның әсерімен гуманитарлық ғылымдардың ұғымдары мен образдары өзгереді, гуманизмнің (адамгершілік) мағынасына міндетті талап ретінде өмірді қорғау, оның гүлденуіне жағдай жасау қамтылады. Биосфера туралы ілімнің призмасы арқылы мәдениеттің мағынасы туындайды.

Төртіншіден, кейбір авторлардың пікірі бойынша, білімнің биологиялық саласының мазмұнын қайта құрастырудың қажеттілігі қазіргі күні оны зерттеу нысаны ретінде тек табиғи орта емес, ондағы адам да табылатынына байланысты болып отыр.

Соңғысы тұтас табиғи-әлеуметтік универсумның бір бөлігі ретінде қарастырылады. Осы себеп бойынша биологиялық білім берудің мақсаттарының

бірі болып студенттерде космогенездің тұтастығы үшін адамның жауапкершілігі, ролі және орны туралы жүйелік түсінігін қалыптастыру табылады.

Дүниенің көрінісінің көптүрлігі, толықтыру принципі бұл жағдайда биологиялық білімді құрастырудың дидактиалық критерийлеріне айналады.

Бесіншіден, биологиялық пәндерді оқыту, студенттердің табиғи құбылыстар мен процестерді тану методологиясын таңдауын анықтайтын қалыптасқан құнды ұстанымдарына (теоцентризм, логоцентризм, природоцентризм, социоцентризм, антропоцентризм), негізделуі тиіс.

Ғылымның қазіргі даму кезеңінде бұл жағдайдың маңызы зор, өйткені табиғатты танудың абсолютті және универсалды методологиясының (әдіснамасы) орнын дін және диалектика, математика және жүйелер теориясы, циклдер теориясы мен синергетика басуы мүмкін.

Алтыншыдан, биологияға басқа да жаратылыстану ғылымы ретінде бір ерекшелік тән- барлық қалыптасқан салаларда іс-әрекеттің екі векторы анықталады.

Біріншісі операциялық-аспаптық. Оның мақсаты болып, нақты міндеттерді шешу құралдары мен тәсілдерін әзірлеу табылады. Ол ғылымды тәжірибеге енгізеді. Ол адам оның көмегімен табиғатты игеріп, оны бағындыратын ғылымның құрамдас бөлігі.

Бұл аппаратты игеруге тиісті пәндерді зерттеу кезінде көп уақыт кетеді. Әрбір ғылымның мазмұнына, оның арқасында биологияның кез келген бөлігі тиісті іс-әрекетті меңгеруге қажетті технологиялық құрал ғана емес, ол туралы білім болып саналатын гнесологиялық екінші вектор қамтылады.

Қазір оны ғылымның герменевтік құрамдас бөлігі деп атайды. Басқаша айтқанда, биология адамның дүние туралы және ондағы өзінің ролі туралы түсінігіне өз үлесін қоса отырып, дүниетану мәселелерін қарастырады.

В. Канкенің (198) пікірі бойынша, ғылым осы герменевтік құрамдас бөлікті қамтиды, ол адамның рухани бағытының басқа формаларымен (мифология, дін, метафизика т.б) бәсекелес.

Герменевтиканы негізге ала отырып, ғылыми дүниетаным мифологиялық, діни және метафизикалық көзқарас типтеріне қарама қайшы. Оның бұндай түсінігі теңдеулер, есептеу формулалары мен техникалық тәсілдерді қарастырмайды. Бұл өзінің техникасын, ерекше ойлау мәдениетін, философиялық категория аппаратын меңгеруді, мәдениет тарихын білуді талап ететін ғылыми жұмыстың жеке беті.

Жетіншіден, А. Я. Данилюктің пікірі бойынша әрбір ғылыми пәннің объектісі болып мәдениеттің табиғи құрамдас бөлігін (жаратылыстану ғылымдары) меңгеруге немесе оның рухани потенциалын (гуманитарлық ғылымдар) меңгеруге бағытталған мәдени-тарихи іс-әрекеттің қандай да бір формасы табылады.

Бұндай ғылым тиісті мәдени-тарихи дәуірдің бүкіл тәжірибесі шоғырландырылған ұғымдар жүйесін білдіреді.

Ғылым мәдениеттің белгілі формасын модельдеп қоймай (жүйелейді, түсіндіреді, болжайды), сонымен қатар өзі де оның құрамдас бөлігі, дамыту және өзін-өзі дамыту механизмі болып табылады. Мәдениеттің жеке сана-сезімі бола отырып, ғылым оны адамның сана-сезімімен өлшейді.

Е. В. Бондаревскаяның пікірі бойынша (59), адамның мәдениет шыңына шығуы, оқу процесінде ғылыми білімді дидактикалық жүйелердің көмегімен жасалады.

Дидактикалық жүйе- бұл мәдениет сана-сезім көрсетілген, дидактикалық тұрғыдан құрылған білім беру жүйесінің аясындағы сала.

Педагог білім беру процесінің субъектісі бола отырып, онда әртүрлі орынға ие болуы және әртүрлі рольдерді атқаруы мүмкін.

А. Я. Данилюк (142), білім беру жүйесін жасай отырып, педагог мәдениет пен педагогиканың арасында болады деп санайды.

Осыған орай педагогтың қызметі, педагогтың өмір сүретін, ойлайтын және әрекет ететін мәдениетінің жағдайымен анықталады.

Білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ол жаңа білім беру жүйелерін жасай отырып, мәдениетті сақтайды, оның дамуына зор үлес қосады.

А. Я. Данилюктің пікірі бойынша, білім беру жүйесін жасау бойынша педагогтың қызметі үш принциппен анықталады: интеграциялау (біріктіру) және дифференциациялау (саралау) тұтастығы, антропоцентризм, мәдениетке сәйкестілік принципі.

Бұл принциптер жалпы білім беру жүйесін болжайтын, оның негізін және білім беру жүйесінің деңгейінде нақты жүзеге асырылатын оқыту және тәрбие беру процестерінің негізін құрайтын жалпы педагогикалық деп те аталады.

Педагогикалық принциптердің болуының өзі педагог пен олардың жасаған білім беру жүйесінің арасындағы белгілі арақашықтықпен байланысты.

Биолог-педагогты даярлау процесі-күрделі, өйткені әртүрлі міндеттерді шешуді көздейді: бірінші жағынан болашақ маманға биологияны оқытудың ғылыми негіздерін терең меңгеруіне мүмкіндік жасау, екінші жағынан оқушының тұлғасын дамытуға және дамытылған мектепке бағытталған пәнді оқытудың қазіргі заманғы технологияларымен қамтамасыз ету.

Пән мұғалімін даярлаудың дәстүрлі тәжірибесі өз мүмкіндіктерін жойған, соған орай зерттеушілер инновациялық оқытуға көп көңіл бөлуде.

Инновациялық оқытудың негізгі мақсаты болып, адамның шығармашылық потенциалын дамыту және сақтаумен түсіндіріледі.

Адам өзінің табиғаты бойынша жасаушы. Биологиялық және тарихи тұрғыдан өз ойын материалдау үшін жаралған.

Бірақ ондағы жыылдар бойы қалыптасып, жұмыс істеп келе жатқан педагогикалық білім беру жүйесі студенттердің шығармашылықты дамуына аз ықпал еткені өкінішті.

Айталғандардың барлығы студенттердің биологиялық даярлығына қатысты. Міне сондықтан да инновациялық білім берудің негізгі принциптері

ретінде: шығармашылыққа даярлау, іс-әрекетті жоспарлау, шешімдердің көп критерийлігіне, басқаның пікірімен санасуға, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға, полихроматты ойлауға, зияткерлік іс-әрекеттің бинокулярлығына негізделген дүниетанымын қалыптастыру қарастырылуы тиіс.

Қазіргі күні инновациялық білім берудің дамуын ЖОО тәжірибесін теориялық қайта пайымдаудың шарты ретінде қарастыруға болады.

Л. С. Подымованың (374), пікірі бойынша білім беру жүйесінің қазіргі жағдайының ерекшелігі болып, оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық екі стратегиясы қатар жүруі табылады.

Инновациялық оқытуды автор студенттің шығармашылыққа қабілетін дамыта отырып, қоғамдағы қарқынды өзгеріп отырған ортаға тез бейімделуіне дайындық жасауға жағдай жасауға бағытталған оқыту ретінде қарастырады.

Басқа авторлардың пікірлері бойынша (Горова В. И., Гулакова М. И., Туркина М. А.), инновациялық оқыту қолданыстағы мәдениетке, әлеуметтік ортаға инновациялық өзгерістер енгізуге ықпал ететін оқу және білім беру қызметінің нәтижесі және процесі ретінде қарастырады.

Оқытудың бұндай типі дәстүрлі оқыту үрдістерін сақтаудан басқа, жекелеген адамның бүкіл қоғамның алдында пайда болатын күрделі мәселелерге жан-жақты қарауды қарастырады.

1-кесте. Дәстүрлі және инновациялық білім берудің белгілерінің салыстырмалы сипаттамасы

<i>Дәстүрлі білім беру белгілері</i>	<i>Инновациялық білім беру белгілері</i>
1.Берілетін білімнің негіздерінің бір ізділігі, жасалып бітуі, объективтілігі, тұйықтығы, сипаттамасының толықтығы, абсолютті дәлдігі, тұрақтылығы және қолданылуының айқындығы	1.Бір ізсіздігі, жасалып бітпеуі, ашықтығы, субъективтілігі, тұрақсыздығы, білім беру нәтижесінің салыстырмалы болжамдығы
2.Қоғам қажеттілігін есепке ала отырып, білім беру мақсатын анықтау	2.Білім беру мақсатын анықтау, қоғамдық қажеттілікпен шектелмейді, білім беру процесінің субъектілерінің қажеттілігін толықтырады
3.Тәрбие беру қызметінің әртүрлі бағытарына қатысу және оқу пәндерінің көптеген көлемін зерттеу арқылы оның жан-жақты дамуы ретінде түсіндірілетін белгілі қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру	3.тұлғаның қасиеттері нормативтерге сай анықталмайды, олар субъектінің санасында бастапқыда болатындықтан тұлғаның өзімен анықталады
4.Педагогикалық ықпалдың объектісі ретінде қарастырылатын студент	4.Оқытушы мен оқушы тұлғасы педагогикалық байланыстың тең

тұлғасынан оқытушы тұлғасының жоғары болуы; оқытушы тұлғасын білім беру мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде қарастыру	құқықты субъектілері, олар білім, қатынастар, түсініктердің жаңа мағынасына тұрақты жаңартылуға дайын, оқушы тұлғасы білім беру процесінің құралы емес, мақсаты.
5. Жаттау және есте сақтауға бағытталған білім парадигмасының басымдығы, білімнің таным субъектісінің тәуелсіздігі, танымдағы ассоциациялық және интуициялықтан логикалықтың басымдығы	5. Білім беруді субъектіні танитын тұлғаға бағыттау, таным логикасы сана-сезімнің арнайы іріктелген оқу және тәрбие беру бойынша материалдармен жұмыс жасау кезінде туындайтын ассоциациялық және интуициялық жаңалықтармен толықтырылады.
6. Шынай ақиқатты білудегі педагогтың монополиясы және оларды мазмұндау кезінде біржақты монолог; бинарлық классикалық ғылым тұрғысынан дүниенің жалғыз дұрыс образын қалыптастыру, әдістемелік канондарды орындау кезіндегі ритуалдық қатаңдығы	6. Педагог барлық нәрсені толық және абсолютті білуді көздемейді, жеке сұқбатты пайдалнады, дүние образы әрдайым өзгеріп отырады, әдістеме ұғымының орнына технология ұғымы қолданылады.
7. Соңғы шешуші нәтижеге бағдар жасау- білім, дағды және шеберліктің жиынтығын және ақпарат беру арқылы іс-әрекеттің үлгілі тәжірибесін жинақтау, өзін-өзі билеу, өзін-өзі тану, өзін таныту, өзін-өзі ұйымдастыруды ғылыми жаратылыс заңдарын анықтайтын білім беру қызметінің нәтижесі ретінде түсіну; тұлғаны қалыптастырудың сыртқы құралын пайдалануға негізделген білім берудің рецептуралық сипаты	7. Тек соңғы нәтижеге емес, білім беру қызметінде өмір сүру және бастан кешіру арқылы іс-әрекет тәжірибесі мен білім алу процесіне бағдар жасау, тұлғаның өзін –өзі танытуы, өзін-өзі көрсетуі өзін-өзі тану құралы болып табылады, білім дайын рецептін бермейді, ол білім мен іс-әрекеттің көп нұсқаларын қарастырады.
8. Тұлғаның жеке мүмкіндіктеріне қатысты қоғамдық пікірдің басымдығы, білім беру қызметінің бастапқы формасының басымдығы, танымға педагогтың дұрыс ұйымдастырылған сыртқы ортамен жасайтын іс-әрекетінің арқасында қалыптасатын, дамитын қайталанатын нәтиже ретінде қарау.	8. Қоғам пікірі адам қызметіндегі сәттілікті (сәтсіздікті), жетістіктерді бірігіп бағалау, қолдаудың педагогикалық тиімді құралы ретінде қарастырылады, сана-сезімнің сыртқы фактордан басымдығы, дүние негізгі жеке құндылық ретіндегі сана-сезімнің жұмысы арқылы ашылады.

Жоғары педагогика мектебін реформалау жағдайында оқытудың инновациялық тәсілдерін екі негізгі типке бөлуге болады: инновациялар-модернизациялар(жаңартулар) және инновациялар-трансформациялар.

Біріншісі дәстүрлі жүйе асында кепілді нәтижелерге қол жеткізу бағытында оқу процесіне жартылай өзгеріс енгізеді. Олардың негізіне алынған технологиялық тәсіл жоғары тиімді репродуктивтік оқытуға бағытталған, яғни қалыптасқан білім жүйесін сақтау және үлгі бойынша іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін қалыптастыру.

Инновациялар-трансформациялар оқу процесін түбегейлі өзгертеді және оның зерттеушілік сипатын қамтамасыз етуге, оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырға бағытталады. Оқытудың ізденіс тәсілі ең алдымен студенттерді жаңа білім алуға, оларды стандартты емес жағдайларда пайдалана білу, құнды бағдарды қалыптастыра отырып, шығармашылықты тәжірибені қалыптастыру тәжіриесін өз бетінше меңгеруіне ықпал етуге бағытталған.

Осылайша, қазіргі ЖОО оқытудың инновациялық тәсілдері технологиялық және ізденісті деп аталуы тиіс.

Технологиялық тәсілдің аясындағы негізгі модель болып, оқу циклін шешуші нәтижелермен қайталауға мүмкіндік беретін оқыту моделі табылады.

Бұл тәсілдің арнасында дидактикалық процесс келесі белгілерге ие болады: оқушылардың іс-әрекеті жоғары емес когнитивтік деңгейдегі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған; студенттердің алған білімдері мен шеберліктері тұлғалық-нейтралды(бейтарапты) болып табылады; стандартты оқу процедураларына күш салу оң эмоционалды фонды қарастырса да, студент пен педагогты жеке- тұлғалық деңгейдегі оқу және педагогикалық процеске қамтуды қамтамасыз етпейді.

Соңғы жылдары жоғары мектеп дидактикасы саласындағы мамандар эвристикалық оқыту моделін пайдаланып жүр.

Эвристикалық оқыту моделін жақтаушылардың пікірі бойынша, оқу процесі ғылыми ізденіс процесін модельдеуі тиіс.

Эвристикалық оқытудың мәні, студентті оқытушының ұйымдастырып, бағыт беретін, таным процесіндегі мәселені шешу методологиясын студенттің өзінің меңгеруі тиіс ситуацияның әдейі ұйымдастырылуымен түсіндіріледі.

Кең мағынада эвристикалық оқыту: студенттің мәселені өз бетінше анықтауын; оны шешу нұсқаларын іздеуін; мүмкінді шешеімдерді тексеру тәсілдерін анықтауын; бұрынғы және жаңадан алған ақпаратты түсіндіруін; оларды жүйелеу және жалпы талдауын; тұжырымдар жасауын қарастырады.

Эвристикалық оқытуға оған студенттің аярлық деңгейіне қарай деңгейлік сипат тән. Бірінші деңгейде(1-2 оқу жылдары) оқытушы мәселені анықтайды және оны шешу тәсілдерін белгілейді.

Оны шешу, іздеуді студент өз бетінше жүзеге асырады. Екінші деңгейде (3-4 оқу жылдары) оқытушы мәселені қояды, бірақ оны шешу әдісін студенттің

өзі анықтайды. Үшінші деңгейде(4-5 оқу жылдары) мәселені қою және шешу жолдарын іздеуді студент өз бетінше жүзеге асырады.

2-кесте. Биологиялық ғылымдарды инновациялық және дәстүрлі оқыту модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

<i>Дәстүрлі модель</i>	<i>Инновациялық модель</i>
1.Оқыту мақсаты болып тәжірибесі, шеберлігі бар ғылыми фактілерді білетін сауатты тұлғаны даярлау табылады	Оқыту мақсаты адамдардың сауаттылығын арттыру, ғылым адамның жәнетірі ағзалардың негізгі қажеттіліктеріне бағытталады, ғылым табиғатты тиімді падалану бойынша біліммен, адамдарды ақылмен бірігіп жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.
2.Биологиялық ғылымды оқытуда жаратылыстың механикалық моделі, Ч,Дарвиннің эволюциялық моделі қолданылады.	Биологияны оқытуда салыстырмалылық принципі, табиғат эволюциясының синтетикалық моделі қолданылады.
3.Биология пәнін оқытуда ғылымның мағыналық тұсы анықталады және бұл тәсіл ЖОО биологияны оқытудағы ең тиімді тәсілі болып табылады	Ғылым бұл процесс, бұл өмір.
4.Ғылым бұл нәтиже, бұл мақсат	Биологиялық пәндерді мазмұны икемді, жаратылыстану пәндері зерттеу және оқытудағы технологиялардың көптігі
5.Биология пәнінің мазмұны иерархиялық және құрылымы бойынша авторитарлық, оқу жоспары жоғарыдан беріледі және қатаң құрылымданады	Студенттердің өзін-өзі жетілдіруіне басымдық беріледі, табиғатты тану және зерттей білу, өз бетінше жұмыс жасауды және өз бетінше бағыт жасай білуге ықпал етеді
6.Тапсырмаларды орындау белгілі дағдыларды меңгеруге басымдық беріледі.	Ішкі түйсікке жеке тәжірибенің ролі зор, әдістемеде бақылау, зертханалық сабақтарға басымдық беріледі, зерттеу объектісі
7.Материалдарды мазмұндау кезінде теориялық білімге назар аударылады, студент тек бақылаушы ретінде ғана қарастырылады.	Материалды түсіндіру кезінде теориялық сабақтармен бірге сынақ жұмыстары үйлесімді қолданылады, студент зерттеуші және оқытудың белсенді қатысушы ретінде қарастырылады

8.Оқыту процесі оқытушы-студент схемасы бойынша құрылады	Оқытушы оқытуды ұйымдастырушы, бір бағытты қарым-қатынастың орнына қарым-қатынастар желісі пайда болады
9.Биологиялықцикл пәндері математика. Қоғамдық ғылымдармен қиылысу нүктелері аз, жеке пәндер ретінде қарастырылады.	Биологиялық пәндер циклі пәнаралық тәсіл логикасын қарастырады, ғылымның студенттердің күнделікті өмірімен байланысы анықталады

Жоғарыда аталған барлық бағдарлар қазіргі биологияны оқытуды және жоғары педагогика мектебінде оқытуды дамытудың мәнін құрайды.

2- кестеде биологиялық ғылымдарға қатысты дәстүрлі және инновациялық оқыту модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы берілген.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі үшін жаңалық болып, білім беру стандарттарын әзірлеу және енгізу табылады. Қазақстанның дүниежүзілік нарық жүйесіне кіруі, білім беру стандарттарының және Қазақстандық білім беру жүйесінің нормативтерінің ұқсас стандарттар мен нормативтерге және шетелдік серіктестердің білім беру жүйесінде қабылданған бағалау әдістеріне сәйкес болуын талап етті.

Кәсіби білім беруді стандарттаудың теориялық негізі болып: стандартты оқыту теориясы және мамандықты топтастыру теориясы табылады.

Қазақстан Республикасының «кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты (ұлттық-аймақтық компоненттері), «кәсіби білім беру бағдарламасы», «оқу-бағдарламалық құжаттардың үлгісі», «кәсіби оқу орындарын аттестациялау, аккредитациялау және лицензиялау», «кәсіп-мамандық», «квалификациялық құрылым» семантикалық жұбы, т.б. ұғымдарын енгізу қажет.

Кез келген жаңа білім беру саласында ұғымдар жүйесі бірден қалыптаспайды, олар тиісті зерттеулер мен әзірлемелердің пайда болуына қарай, оларды тәжірибеде тексеру, халықаралық ынтымақтастық барысында және аралас салалардағы позициялардың сәйкес болуына қарай көп өзгерістерге ұшырайды. Бірақ бастапқы ұғымдар қорынсыз кәсіби білім берудің мемлекеттік механизмін енгізуге бағытталған зерттеулерді бастау мүмкін емес.

«Білім туралы» заңы мемлекеттік білім беру стандартын үш құрамдас бөліктің жинтығы ретінде түсіндіреді: негізгі білім беру бағдарламаларының мамұнының міндетті минимумы, оқушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлемі және бітірушілердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар.

Бұл анықтамада жоғары кәсіби білім беру жүйесінде мамандарды даярлаудың бағыттарының әртүрлілігі есепке алынбаған.

Мысалы, Жапонияда мамандықтың қолданыстағы классификаторында (жіктеуіші) көптеген атаулар қамтылған. Бұл барлық бағыттар бойынша стандарттарды әзірлеу мүмкін емес және қажет емес. Осыны есепке ала

отырып, заң кәсіби даярлық жүзеге асырылатын мамандық пен кәсіптердің тізімін қарастырады. Кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартының компоненті болып табылады.

Кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартының ұғымын оның сыртқы және ішкі байланыстарын қарастыратын болса, толық ашып көрсетуге болады.

Стандарттардың сыртқы байланыстары ең алдымен қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық жүйенің оның орны арқылы анықталады, стандарт осы саладағы өзара байланыс жасайтын субъектілердің метатіл ретінде қарастырылады. Бұл жерде оны әзірлеуге ресми емес әлеуметтік тапсырысты құрайтын стандартқа негізгі талаптар белгіленуі мүмкін.

Кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартының ішкі байланыстары, оны жеке элементтік құрылымы және элемент аралық өзарпа байланыстары бар дербес ішкі жүйе ретінде қарау кезінде анықталады.

Мемлекеттік стандарттардың ішкі жүйесінің құрамы, әрбір элементтің қасиеттері, олардың өзара байланысы стандарттардың ұғымын, оның негізгі сипаттамаларын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі кәсіби білім беру мемлекеттік стандартының ролін түсіну үшін стандарттың функцияларының маңызы зор.

Басқаша айтқанда ол кімге және неге керек:

-Біріншіден оқыту және оқу барысында стандарт талаптарын орындауы және өз мүмкіндіктері мен мүдделерін есепке ала отырып, оқытушы мен оқушыларға толықтыруы үшін қажет.

Екіншіден, федералды шенеуніктерден оқу орнының ректорына дейін кәсіби білім беру жүйесінің басшыларына, қызметкерлеріне оқу-тәрбие процесін жоспарлау, реттеу және бақылау саласында тиісті механизмдерді қалыптастыру үшін қажет.

Үшіншіден, жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлеріне жұмыстан босап қалған және жұмыссыз халықты жұмысқа орналастыру бойынша негізгі бағыт ретінде қажет.

Төртіншіден, әлеуметтік серіктестер- жұмыс берушілерге, кәсіподақтарға және жалданып жұмыс істейтін адамдарға еңбек қатынастарын, штаттық кестені реттеу, тарифтік мөлшерлемелер мен еңбекақы мәселелерін реттеу, кәсіби құзіреттіліктің квалификациясына негізделген иерархияның бүкіл жүйесіне еңбек қатынастарын реттеу үшін және ақын және алыс шетелдердегі біздің серіктестерімізге адам құқығын қамтамасыз ету және халықаралық еңбек нарығында еркін өзара байланыс орнатуы үшін қажет.

Осылайша, аталған субъектілердің мүдделерін есепке алу қажет, субъектілердің әрқайсысының стандарттың мәнін түсінуін және кәсіби білім беру бойынша екіжақты және көпжақты мәселелерді шешу барысында өзара түсіністіктерін қамтамасыз ету үшін қажет.

Мемлекеттік стандарттың мәнін қарастыру кезінде оның негізгі функцияларынан туындаған оған қойылатын талаптарды анықтаудың маңызы зор.

Ең алдымен стандарт мемлекеттік деңгейде кәсіби білім беру сапасын басқарудың негізгі құралы болуы тиіс.

Сондықтан ол кәсіби білім берудің сапасы ұғымымен байланысты барлық қажетті компоненттерді қамтуы тиіс.

Кең мағынада кәсіби білім сапасы, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы міндеттері мен мақсаттарына сай болуымен, яғни жеке адамның және жалпы қоғамның сұраныстарын оның қалай қанағаттандыратынымен анықталады.

Кәсіби білім беру стандарты бір жағынан қоғам мүшесінің отандық және шетелдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің әлеуметтік кепілі болуы тиіс және екінші жағынан олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс.

Мемлекеттік кәсіби білім беру стандартының маңызды функцияларының бірі болып, Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің еркін жұмыс істеуіне жағдай жасау табылады, соған байланысты үздіксіз білім беру жүйесінің барлық буындарының білім беру стандарттары өзара байланысты, сабақтас болуы тиіс.

Кәсіби білім беру стандарты кәсіби білім беру бағдарламаларын жасауға, оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету кешендерін әзірлеуге, оқу орындарын аттестациядан өткізуді ұйымдастыруға, жоғары деңгейдегі кәсіби білім беру стандарттарын әзірлеуге негіз болуы тиіс, яғни тиімді дидактикалық және әдістемелік интерпретациясы болуы тиіс.

Жоғары білім спецификасы жалпы білім берумен салыстырғанда мамандық пен кәсіптің, мамандарды даярлау формасының көп болуымен, оқу-бағдарламалық құжатты пайдалану мерзімінің қысқалығымен түсіндіріледі, өйткені жоғарғы оқудың мазмұны ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде тез өзгеріп отыратын еңбек мазмұнына тікелей байланысты.

Жоғарғы білім берудің мемлекеттік стандартының маңызды теориялық ережесі болып, «квалификация» (біліктілік) және «квалификация дәрежесі» ұғымдарын негіздеу табылады.

Квалификация (біліктілік) кезеңі- бұл мамандықты игеруге қажетті жалпы және кәсіби білімнің арақатынасымен және көлемімен сипатталатын, үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде кадрларды даярлаудың соңғы кезеңі.

Применение информационных технологий воспитателем в воспитательно-образовательном процессе приводит к целому ряду положительных следствий:

- психологически облегчает процесс усвоения материала детьми;
- возбуждает живой интерес к предмету познания;
- расширяет общий кругозор детей;
- возрастает уровень использования наглядности на ОУД;
- повышается производительность труда.

Итак, успех занятия, конечно, не зависит от новых технологий и оборудования, которое использует педагог. Прежде всего, любая ОУД должна достигать определенных целей и результатов. Но, в некоторых случаях флипчарт-занятия могут стать хорошим помощником, и важно понимать, что эффективность работы с ней во многом зависит от того, как педагог применяет те или иные возможности.

В статье рассматривается эффективность применения флипчарт-занятий в процессе обучения дошкольных организаций.

ЛИТЕРАТУРА

1. «Методические рекомендации по работе с интерактивной доской и методика проведения занятий с её использованием» Арынгазин Канания Мубаракович,

Дзюбина Анастасия Викторовна Карагандинский Государственный университет им. Е.А.Букетова

2. Бартенева Т. П. Использование информационно-коммуникационных технологий в процессе развития и обучения дошкольников

3. Кучурин, В.В. Электронные наглядные средства обучения на основе современных компьютерных технологий

АҚПАРАТТЫҚ КОМУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Б. К. Қонақова

№ 73 «Аяулым» балабақшасының
музыка жетекшісі
Астана қаласы

Түйін сөздер: «ақпараттық-коммуникативтік технологиялар»

Компьютер қазіргі кезде біздің өміріміздің ажырамас бір бөлігі болуда. Балабақшаның өзінде компьютерсіз жұмысты елестете алу мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі балалардың компьютерді еркін қолдануы ешкімді таң қалдырмайды, ол олар үшін ақпаратпен дамудың тағы бір бұлағы. Осыған орай, біз ұстаздар уақытпен бірдей жүріп, балаларға жаңа технологиялар әлеміне енуіне серіктес болу керекпіз. Мектеп жасына дейінгі білімге ақпаратты-коммуникативті технологияны енгізу бірнеше бағытта жүзеге асырылады.

1. Сабақтарға презентация құру;
2. Интернет жүйелермен жұмыс;
3. Дайын білім беру бағдарламаларын қолдану;
4. Жеке авторлық бағдарламаларды дайындау және қолдану.

Музыка жетекшісінің жұмысында ақпараттық-коммуникативті технологияның функциясы қандай? Біріншіден бұл музыкалық және оқулық ақпарат бұлағы, мәтінді дайындау құралы, көрнекілік құралдарды безендіру. Білім әрекетінде ақпаратты-коммуникативтік технологияны қолданудың ең негізгі жетістігі көрнекіліктің ұлғаюы болып саналады. Әдетте керек демонстрациялы көрнекілік материал табыла бермейді; репродукциялар, иллюстрациялар, суреттер немесе олар көркем сапасы жағынан төмен. Ал, интернеттің шексіз мүмкіндіктеріне орай кез келген кезде алуан түрлі иллюстративті материалды тауып қолдануға болады.

Ұлы ұстаз К.Д. Ушинский жазғандай: «Егер сіз балалар аузынан бір сөз ала алмайтын сыныпқа кіріп, суреттер көрсете бастаңыз, сол кезде сынып сөйлей бастайды, ең басты еркін сөйлей бастайды...» Осыған орай бізде айта аламыз, слайд презентациялар, электрондық энциклопедиялар бар сабақтар

балалардың эмоциялық әсерлерін жоғарылатады. Экран балалардың зейінін шоғырландырады, балалардың үлкен қызығушылығын арттырады.

Сабақтарға көрсетіліммен дайындықтың ең бір қолайлы түрі, ол мультимедиялық презентацияларды құруды атап айтуға болады. Осындай ақпаратты-коммуникативтік технологияны қолдану, есту және көру, ассоциативтік ойлау және шығармашылық қиялын дамытудың ең нәтижелі құралы болып табылады. Мерекелер мен ойын сауықтарда, сонымен қатар слайдтарды иллюстративтік, анимациялық фон, декорация ретінде қолдануға болады. Дайын презентацияларды басқа да, білім салаларында қолдануға болады: таным, денсаулық, қатынас, т.б. Мектеп жасына дейінгі мекемедегі режимдік кезеңдерде, ата-аналармен жұмыс, жиналысқа дайындықта, кеңес өткізуде кеңінен қолдануға болады.

Өз жұмысымда бірнеше оқулық, мультимедиялық құралдарды кешен түрінде қолданамын.

Видеоқатар: опера, балет фрагменттері, классикалық музыка концерті, мультипликациялық фрагменттер, әлемдік музыкалық классика орындаушыларының, композиторлардың, орындаушы және орындаушылар ұжымының портреттері, тақырыптық суреттер, бейнелеу өнер шығармаларының репродукциялары (живопись, сәндік қолданбалы өнер, скульптура, архитектура, графика) мемориал мұражайынан композиторлармен орындаушылардың материалдары, көркем фотосуреттер, т.б, музыкалық шығармалардың дыбыстық фонограммасы.

Қазіргі таңда музыкалық білім әрекетінде көптеген электронды басылымдар қолданылады. Кеңінен қолданылатын музыкалық энциклопедия: «Музыка шежіресі», «Музыкалық аспаптар», «Классикалық музыка», «Музыканы түсіне білеміз» білім беру бағдарламалары «Музыкалық сынып», «Классикалық музыка энциклопедиясымен» жұмыс жасағанда әр мемлекеттің музыкалық мәдениетімен таныстыратын тақырыптық саяхаттарды қолдануға болады. Сонымен қатар музыкалық шығармадан үзінді тындап, иллюстрация мен видеофрагментті көруге болады.

«Музыкалық аспаптар» энциклопедиясы. Бұл энциклопедияда әр елдің сирек кездесетін музыкалық аспаптар жиынтығы жиналған. Таңдап алған кез келген елге виртуалды саяхат жасай отырып, сол елдің аспаптарының шығу және даму тарихымен құрылу және дыбысталу ерекшеліктерімен танысуға болады. Ұсынылған бағдарламалардың алуан түрлі мультимедиялық мүмкіндіктерінің арқасында (видеосюжет, анимация, дыбыс, сапалы иллюстрациялар) оқыту үрдісі нәтижелі және қызықты болуда.

«Музыка шежіресі» бағдарламасы. Бұл бағдарламада музыканың әр бағытына сай мәліметтер жинақталған, көне дәуірден бастап заманауи музыкамен аяқталады. Сонымен қатар композиторлар өмірбаяны, танымал шығармалардың шығу тарихы, оларға ой толғаулар, аудио және видеофрагменттер берілген.

«Музыканы түсіне білуге үйренеміз» атты тәжірбиелік курс сан қилы музыка әлемінде жеңіл бағыт ала білуге мүмкіндік береді. Барлық сабақтар заманауи мультимедиялық түрде құрылған. Материалдар әсерлі және қызықты түрде ұсынылған, ол тек музыкалық жанр, стиль, бағыт туралы ғана айтып қоймай, сонымен қатар музыканы тындауға, түсіне білуге үйретеді.

Сонымен, музыка жетекшісінің педагогикалық әрекетінде компьютер аса қуатты құрал деп айтуға болады. Дайын бағдарламалармен жұмыс жасау қызығушылықты тудырады және компьютермен әрі қарай қарым-қатынас жасай беруге итермелейді. Microsoft Power Point құралын қолданып компьютерлік презентацияларды жасап сабақта живопись, музыка шығармаларын иллюстрациялауға мүмкіндік береді, салыстыру қабілетін дамытады.

Дегенмен, компьютерлік білім беру бағдарламаларын музыкалық сабақтарда қолданғанда біз өнермен қарым-қатынас жасайтынымызды естен шығармаған жөн. Оны компьютермен қарым қатынас жасау сабағына ауыстырмай, техникалық практикумға айналдырған жөн. Баланың қабілетін ашып, дамытуда және жүзеге асыруда компьютерді оңтайлы қолдануды естен шығаруға болмайды.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы балалардың жалпы адамзаттық және жеке тұлғалық дамыту негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік–экономикалық және саяси өзгерістер барысында жалпы музыкалық білім беру мәселесі көкейкесті мәселеге айналып отыр. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әлеуметтік–экономикалық жағдайымыздың артуы және оларды жүзеге асырудың аса маңызды құралы – білім саласын жетілдіру, соның ішінде музыка сабағы негізінде балабақшада балаларға музыкалық мәдениетін ақпаратты- коммуникативтік технологияны қолдана отырып қалыптастыруға мүмкіншілік туды.

Жиырма бірінші ғасыр бұл ақпараттық технологиялар ғасыры. Олардың қарқынды дамуының арқасында жаңа ақпараттық тіршілік әрекеті қалыптасады. Дәл осы себептен ақпаратты технологиялар қазіргі уақытта өмірдің әр саласына белсене енді. Білім де өзгеріссіз қала алмайды, ол да жаналықты қажет етеді. Олардың алдында жаңа мәселе туындайды, өсіп келе жатқан ұрпақты өз бетімен шешім қабылдауға және жауапты әрекет жасауға дайындау, кәсіби әрекетке және жоғары дамыған ақпараттық өмір ортасына дайындау сонымен қатар оқу барысында жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдану кезінде білім алу және дүниеге көзқарас жиынтығы мен дүние таным түсінігі. Ал ақпаратты коммуникативті технологияны оқыту тәрбиелеу үрдісінде қолдану осыған ықпал ете алады. Заманауи ақпаратты- коммуникативтік технологияны қолдану тәрбиенушілердің мотивация деңгейін және оқу іс- әрекетінің нәтижелігін жоғарылатуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда компьютерлік технология адам әрекетінің барлық өңіріне кеңінен ену кезінде, оқытушылар өздерінің және оқушыларының белсенділігін дамыту жолдарын кеңейтуде компьютерге жүгіне алады.

Ал, осы орайда «Музыка» қалай болмақ, оның оқыту мақсатының ең бастысы рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде оқушылардың бойына музыкалық мәдениетін тәрбиелеу. Осы кезде қалай компьютер балаларға үлкен музыкалық өнер өміріне енуіне көмектеспек? Өйткені, музыканың барлық байлық түрін, жанрын түсініп, жақсы көруді тек онымен тірідей қарым-қатынас жасағанда ғана үйретуге болады. Осынын бәрі сөзсіз осылай ғой. Дегенмен қоғамда ақпарат дамуы қарқын орын алуда. Онымен сөзсіз келісеміз. Осы орайда туындаған қарама қайшылықтар тығырықтан шығу жолдарын қарастыруға итермеледі.

«Музыка» сабағының ерекшелігімен әдісі мысалы бала оқу іс-әрекет кезінде композитор, тыңдаушы, орындаушы рөліне ене алады. Осы орайда баланың бастапқы шығармашылығы, музыкалық қабілеті және де өзге ойлау түрлері дамиды. Ал, заманауи жағдайларда сабақта қолданылатын классикаға айналған әдіс тәсілдерді, құралдарды уақыт талабына сай, әдістермен үйлесімді қолдануға болады.

Мектеп жасына дейінгі мекемелерде оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңарту қажеттігі, мемлекеттік тілде дайындалған ақпаратты-коммуникативтік технологияны қолданып, дайындалған музыкалық дидактикалық ойындар мен жаттығулардың жоқтығы, тақырыпты «Ақпаратты-коммуникативтік технологияны музыка сабағында қолдану маңызы» деп таңдауымызға негіз болды.

Мақсаты: есту және көру көрнекілік негізінде ақпараттық-коммуникативті технологияны қолдану арқылы мектепке дейінгі балаларға музыка әлеміне белсенді кіруге көмектесу, музыкалық қабілеттерін дамытуға ынталандыру, музыкалық дыбыстарының қасиеттерін айыра білуге үйрету.

Жоғарыда қойылған мақсатқа байланысты келесі міндеттер айқындалды:

- музыкалық-дидактикалық ойындардың маңыздылығын ашу, музыкалық қабілетін дамытуға әсер ету әдісін анықтау;
- оқу іс-әрекетінде жүйелі музыкалық қабілетін дамытуға арналған ойындар дайындау;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту көрсеткіштері мен критерийлерін көрсету.

Болжамы:

Егер, бала тұлғасына дербестік, белсенділік, музыка арқылы ерекше қуаныш, толқу сезімдері қалыптастырылса, балалардың музыкалық дамуына баса назар аударылса, қазіргі заманға сай бағдарлама мен әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілсе, онда баланың музыкалық қабілетінің дамуы нәтиже береді.

Жаңалықтары:

Музыкалық іс-әрекет барысында ақпаратты-коммуникативтік технология белсенді қолданылса - өлеңді тыңдауда, айтуда, ырғақты қимылдар үдерістерінде және музыкалық аспаптармен ойнағанда, шығармашылық тәжірибенің даму деңгейі жоғарылайды, ал ол ықыласпен тыңдауға, сезінуге, қабылдауға, әндетуге, анықтау тәсілдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Нәтиже:

- Музыкалық тәрбие беретін әдебиеттерге талдау жасалды;
- Музыкалық сабақтардың өткізуінің тиімді әдіс-тәсілдері нақтыланды.
- Музыкалық ойын-жаттығуларға арналған көрнекілік құралдар

дайындалды.

Музыкалық қабілеттер құрылымы, олардың сипаттамасы

Қабілет – ол адамның жеке психологиялық ерекшелігі, іс-әрекеттің талабына қарай орындау табыстылығына жауап береді. Адамның ішіндегі табиғи мүмкіншілігі, қандай болмасын бір іс-әрекетпен шұғылданғанда ол мүмкіншілігі дами бастайды. Адам қабілетті болып тумайды, оның қабілеті дұрыс ұйымдастырылған сәйкес іс-әрекетте дамиды. Ол қабілеттер оқу мен тәрбие әсерінен өмір бойы дамиды.

Қабілеттер жалпы және арнайы болып ажыратылады. Ақылдылық сапасы, есте сақтауы, байқағыштығы - *жалпы қабілеттерге* жатады. *Сапалы қабілеттер* адамның санаулы әрекеттерінде орын табады.

Педагогтар мен музыканттар музыкалық нышан әр адамда болады деген ойға келді. Осы нышандар музыкалық қабілеттерді құрады. Музыкалық дарынды туған баланы музыкалық өнерге үйретпесе, музыканы тыңдамаса, өлең айтпаса, аспаптарда ойнамаса, ол баланың нышаны қабілет болып дамымайды.

Музыкалық дыбыстардың әртүрлі қасиеттері бар, олар: тембр, динамика, ұзақтығы, биіктігі. Осыларды айыра білу музыкалық қабілеттің қарапайым негізін құрайды.

Дыбыстың музыкалық ұзақтығы музыкалық ырғақ (ритм) негізінде. Эмоциялық мәнерлігі, музыкалық ырғақтығы және оны жаңғырту адамның музыкалық қабілетінің бірін – *музыкалық-ырғақтық сезімді құрайды*. Биіктігі, тембр және динамика дыбыс биіктігін, тембрлік және динамикалық есту негізін құрайды.

Күй ырғағы сезімі (ладовое чувство), музыкалық есту түсінігі және музыкалық ырғақтық сезім – негізгі үш музыкалық қабілеттің негізін құрайды.

Күй ырғағы сезімі - музыкалық дыбыстар белгілі бір күй ырғағында ұйымдастырылған. Күй ырғағы сезімі - ол эмоциялық күйзеліс, эмоциялық қабілет. Мектепке дейінгі жаста күй ырғағы сезімінің дамыған көрсеткіші музыкаға деген қызығушылық пен сүйіспеншілік. Сондықтан күй ырғағы сезімі – музыкаға деген эмоциялық ықыластық негізінің бірі.

Музыкалық есту түсінігі. Әуенді дауыспен жаңғыртуға, не болмаса

музыкалық аспапта ойнау үшін әуен дыбысының қозғалуы туралы есту түсінігі болу қажет. Бұл музыкалық-есту түсінікке есте сақтау және қиял жатады.

Музыкалық ырғақтық сезім – музыкадағы уақытша қатынасты қайта жаңғырту және қабылдау. Көп эксперименттер мен бақылаулар адам музыканы қабылдау барысында, оның ырғағына және акцентіне сәйкес көрінетін және көрінбейтін қимылдар жасайтынын дәлелдейді. Бұл бас, қол, аяқ және көзге көрінбейтін тіл және тыныс алу аппараттарының қимылдары. Көбінесе бұл қимылдар ойлаусыз, еріксіз пайда болады. Оны тоқтатуға тырысу не басқа қимыл сапасында пайда болады, не болмаса ырғақты сезіну мүлдем тоқтайды.

Ырғақ сезім – ол музыкаға белсенді (қимылды) күйзеле білу, музыкалық ырғақтың эмоциялық мәнерлігі мен оны дәл жаңғырта білу қабілеті. Балалардың музыкаға деген эмоциялық ықыластығы өте ерте пайда болады, бала өмірінің бірінші айларында. Көңілді музыкаға бала сергектік көрсетеді және сабырлы музыкаға көңіл аудара, зейінділікпен қабылдайды.

АКТ-ны қолдану мәселе-ізденіс жағдайларды құруда көп мүмкіндіктер береді. Жаңа мәселелерді көре білу, сол мәселелерді шешуде түрлі варианттарды таба білу объектінің құрылымын және оның функциясының тұтастығын пайдалану.

Использование ИКТ даёт больше возможностей в создании проблемно - поисковых ситуаций. Создаёт видение новой проблемы, нахождение различных вариантов решения проблемы, видение целостной структуры объекта и его функции.

The use of ICT gives more opportunities while creation of problem-search situations. Create a vision of a new problem, finding different solutions to the problem, a vision of the whole structure of the object and its functions.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балапанов Е .Қ.Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау-Алматы, 2005 жыл.
2. Венгер Л.А. Қабылдау мен оқыту - М.Просвещение, 1969 жыл

АРТ-ТЕРАПИЯ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

М. Бағдал

№44 «Үркер» балабақшасының
педагог-психологы
Астана қаласы

Түйін сөздер: Арт-терапия, құм терапиясы, бейнелеу терапиясы.

Әрбір бала — суретші.

Балалық жастан өтіп, суретші
болып қалу — басты қиындық.

Пабло Пикассо

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі – ол бала тәрбиесі. Ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу — біздің борышымыз. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші-мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік–экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» атты Қазақстан-2050 стратегиясында «Адамзат үшін 21 ғасыр — жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз. Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында», — деп ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеп отыр.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген.

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру жүйесі негізінен баланың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Психологиялық көзқарас тұрғысынан да, мектепке дейінгі білім беру құрылымы баланың білімді ғана игеріп қоймай, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына: өз-өзін бағалауға, эмоционалды қажеттілікке, сондай-ақ

баланың басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне негізделу керек.

Көптеген кіші мектепке дейінгі тәрбиеленушілер өзінің ойын, қобалжуын сөзбен жеткізуге киналады. Олар үшін өз ойын жеткізудің оңай жолдары ойын барысында, бейнелеу өнері немесе шығармашылық белсенділіктің басқа да формаларынан байқалады.

Елбасының сөзі мен осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, аналитикалық терапияның негізін салушы Карл Густав Юнгтің Арт терапия элементтерін балабақшадағы балалармен жұмыс жасауда қолдануды жөн көрдім.

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия. Сондықтан бұл терапия қарқынды даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Арт-терапия – балалармен психологиялық жұмыс жүргізуде орны баға жетпес әрі өте тиімді әдіс.

Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “*Арт-терапия*” – термині (*art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу*).

Арт-терапия — бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек көрсету. Арт-терапия:

1. Топта жағымды эмоционалды көңіл күй құруға септігін тигізеді.

2. Өз қатарластарымен, ата-анасымен, педагогтармен және т.б. қарым-қатынас процесін жеңілдетеді. Шығармашылық әрекетке бірге қатысу балаларды бірін-бірі оң қабылдауға үйретеді.

3. Бала бақшаларда, әсіресе, көп ұлтты топтарда тілдік барьерді жеңуге көмектеседі.

4. Тәрбиешілерге бала дыбыстап тілімен жеткізуге, талқылауға қиналатын мәселелерге көңіл аударуға мүмкіндік туғызады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады.

Арт-терапияны қолдану, топтың психологиялық өзгешеліктерін, ерекшеліктерін зерттеп, танып-білуге көп мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқыту процесінде осы терапияны қолдану мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге септігін тигізеді:

- танымдық үрдісін дамыту;
- өзінің ішкі әлемін түсіну қабілетін дамыту;
- өзіне-өзі сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту;
- зердесін дамыту;
- эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
- өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту;
- өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту;
- ой өрісін дамыту;
- ойлауды дамыту;

- ұсақ қол моторикасын дамыту.

Балабақшаларда тұлғаны үйлесімді жан-жақты дамыту үшін арт-терапияның мынадай бағыттарымен жұмыс жүргізудің маңызы зор:

Құм терапиясы — адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менің», өзін тануға, өзіне өте маңызды, жан тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі.

Құм терапиясы – баланың мәселелерін жөндеуге және проблемаларды оған қауіпсіз түрдегі рөлдік қимыл-әрекеттің түрі, бейнелеме (символика) арқылы әлемге айтарын жолдауды қолдану арқылы анықтауға көмек көрсетеді. Құм терапиясы - балаларға үлкен мүмкіндік, баланың уайымдау немесе қайғыру сәтін ашып көрсете алады. Сәби құммен ойнап отырып, өзінің бойындағы ауыр сезімді ұмыта бастайды. Құммен ойнағанда бала қателесуден қорықпайды. Қарапайым ойнау әдісін іске асырады.

Музыканың терапиялық әсері бұрынғы заманнан бері белгілі. Музыка терапиясының негізгі механизмдерінің әсері әдістің әр адамға ыңғайлы әрі қолайлылығын көрсетеді.

- біріншіден, ырғақ сақталған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі.

- екіншіден, әр музыканың өзіндік белгілері бар. Адамның белгілі бір жағдайы мен көңіл күйімен байланыса отырып, адам бойында белгілі бір эмоцияның пайда болуына әсер етеді.

Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты - баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

Ойын терапиясы — арт-терапияның бір түріне жатады. Бұл терапияны жүргізу үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатысса, ойын әсерлі болады. Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға көмектеседі, ересек өмірге дайындайды.

Құм терапиясының маңыздылығы:

- сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.
- Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Бір сөзбен айтқанда, қоршаған әлемде кездесетін заттың бәрі «коллекцияда» лайықты орынға ие бола алады. Егер де ойын кезінде қандай да бір бейнелердің фигуралары жетіспесе, оларды ермексаздан, қамырдан илеп, қағаздан қиып жасауға болады.

Бала құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі–бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын, ішкі сезімдерін сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау

барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.

Мысалы, көгілдір түсті құмзар, онда бала мен ересек бірлесе ойнайды. Ойында ойыншықтар қолданылады.

Қазіргі кезде балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі өте төмен дамыған, олар агрессивті, бір-біріне қайырымды болмауы және бір-біріне мейірімділік шыдамдылық танытпауы басым.

Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және қоғамда тудырылатын мәселелер: өмірдегі және теледидардағы қатыгездіктің өсуі, дұрыс тамақтанбау және ата-аналардың денсаулыққа қайшы келетін қылықтары, қиын отбасылардың көбеюі. Ата-аналардың көбі балалармен қарым-қатынас жасауға және тәрбиелеуге уақыт бөлмейді және ниеттері жоқ, оларда бірінші орында отбасын қаражатпен қамтамасыз ету. Балаларға ата-анасымен тікелей қарым-қатынасын компьютер мен теледидар алмастырады. Осындай келеңсіздіктердің нәтижесі балалардың тез және жиі шаршайтындықтары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарының төмендеуі, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорларының аздығын болдырады, коммуникативтік дағдыларының дамуын тоқтады, балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болады.

Осы жұмыстарды шешудің бірден-бір жолы «Құм терапиясы». Балалар құммен ойнауды өте жақсы көреді. Жазғы маусымда балалар шаршамастан бірнеше ай бойы құмзарда «еңбектенеді»: түрлі кеңсарайларды жасап, түрлі тоқаштар «қуырып», торттарды жасайды. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді, сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық балалар бірге ойын жоспарлап, оны жүзеге асырады. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан-жақты дамуына «Арт- терапияның» тигізер үлесі өте зор.

Арт-терапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жана шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арт-терапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Мақалада Арт-терапия әдісін қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, құм терапиясының, музыкалық терапияның, ойын терапиясының маңыздылығы ашып көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко « Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. Из-во « Речь», 2005 год,
2. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко « Игры в сказкотерапии» СПб, 2008
3. М.В. Кисилева «Арт-терапия в работе с детьми» СПб, 2006
4. Балапанов Е .Қ.Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау-Алматы, 2005 жыл.

БАЛАБАҚШАДА ПЕДАГОГТАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖАСАУ

А. Н. Шонтыбаева

№73 «Аяулым» балабақшасы МКҚК
педагог-психологы
Астана қ.

Түйін сөздер: психологиялық қолдау, күйзеліс

Мектепке дейінгі тәрбие бүкіл қоғамдық, жалпы халықтық іс болып отыр, себебі қоғам өміріндегі өзгерістер – жан-жақты дамыған, білімді, парасатты жана адам тәрбиелеп, өсіруді талап етеді.

Психологиялық қолдау – бұл балаларды табысты тәрбиелеуде және оқытуда әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға және өзара-әрекет жасау жағдайында баланың психологиялық дамуына бағытталған психологтың кәсіби әрекетінің жүйесі.

Психологиялық қолдаудың міндеттері:

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың ынтасын қалыптастыру;
- педагогтардың ішкі ресурстарын белсендіру, тұлғалық және шығармашылық мүмкіндігін дамыту;
- тұлғалық бағытталған қарым-қатынас моделін жетілдіру (балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен);
- мағлұмат беру;
- үйрету;
- педагогикалық ұжым ішінде оңтайлы психологиялық жағдайды ұстау.

Балабақшада педагогикалық ұжым ішінде қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдайдың қалыптасуы — білім беру мекемесінің табысты дамуына ұзақ мерзімді даму перспективасын береді. Бұл тақырыптың көкейкестілігі, педагогтардың еңбек әрекетіне психологиялық іліктілігінің деңгейіне өскен талаптарға байланысты. Ал, бұл білім беру үрдіс

құрылымының әлеуметтік факторларының өсу перспективасымен байланысты. Педагогтарды психологиялық қолдау – тұтас және үздіксіз шаралар кешені, педагогтардың өзара-әрекеттіліктерінің тәсілдер түрі, әдістері, оған әр түрлі жұмыс түрлері кіреді: психологиялық кеңес беру, ағарту жұмыстары, семинар-практикумдар, психологиялық-педагогикалық консилиумдар, тренингтік сабақтар және басқалары.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында педагогтармен ата-аналар – баланың дүниеге алғаш келген күннен бастап жанында болатын адамдар. Баланың психологиялық жағдайы және денсаулығы көбінесе педагогикалық позицияға, психологиялық мәдениет деңгейіне және педагогтың сауаттылығына байланысты болады. Екінші жағынан, педагогикалық мамандығы ауыр еңбекке айналып, педагогтың өзі психологиялық көмекке немесе қолдауды қажет етеді.

Педагогикалық әрекет жоғары эмоцияда әрекет етуді талап ететін әр түрлі ауыр жағдайлармен және факторлармен толы болады. Тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығын сақтау міндеттерден, балаға педагогикалық көмек беру жауапкершілігін уайымдағаннан, ол стресс жағдайына ене бастайды. Менде «стресс» дегенді қазіргі өмірде жиі естуге болады. Ал, стресс деген не?

«Күйзелу» (стресс) деген мағынаны алғаш енгізген медицина және химия ғылымдарының докторы Ганс Селье. Алғашқыда күйзелуді «Сыртқы тітіркеніштердің ағзаға физиологиялық әсері» деп белгілейді. Артынан оны нақтылап «тән емес бейімделу синдромы» деп атады. Қарапайым сөзбен айтқанда күнделікті өмір ырғағын бұзатын оқиға болған жағдайда, біз өзіміз оны жеңуге тырысамыз – осыны күйзеліс деп атайды.

Күйзелу үш фазадан тұрады. Біріншісі – жоспарланбаған жағдайға үрейлік пайда болады, ағза соған жұмылдырылады.

Екінші фаза – жағымсыз жағдайды жеңу үшін бар күшті қолданған кезде, ағзаның қарсыласуы.

Үшінші фаза – не болса да, тәуекелге бару. Кейбір адамдар күйзелістен бастарын жоғары көтеріп шығады, ал, кейбіреулері уайымға бата береді, ағзасы жұқарып, депрессияға әкеледі.

Күйзеліске қарсы тұру бойынша адамдар төртке бөлінеді:

1. Күйзеліске қарсы тұра алатын адам қандай да болсын өзгерістерге дайын болады, оларды жеңіл қабылдайды. Дағдарыс жағдайында қиыншылықты жеңілдікпен жеңе алады

2. Күйзеліске қарсы тұра алмайтын адам қандай да болсын өзгерістерге бейімделу керек, оларға өздерінің мінез-құлығын, мақсатын, көзқарасын өзгерту қиын. Ойлағандай шықпаса олар күйзелісте болады.

3. Күйзеліске дағдыланатын адамдар өзгерістерге дайын, бірақ тез және ғаламдық емес.

4. Күйзелісті тежегіш адамдар сыртқы уақиғалардың әсерінен өзгермейді, олардың нақты ұстанымы және өзінің дүниеге көзқарасы бар.

Балабақшада педагогтар қандай қиын жағдайларға тап болуы мүмкін:

- еңбек жолын жаңа бастаушы педагогтың жұмыс ерекшелігі – бірінші күннен бастап көп жыл еңбек өтілі бар педагогпен тең міндеттер мен жауапкершілікті алып жүреді, ал ата-аналар мен әкімшілік олардан мінсіз кәсіби іс күтеді;

- педагогтың балалармен өзара-әрекеттестік жағдайларда (балалардың тәртібінің бұзылуы, эмоциясының бұзылуы, тіл кемістіктері бар балалардың психологиялық ерекшеліктері, күтпеген дау-жанжал жағдайы, ата-аналардың педагогтың талабын елемеушілігі);

- қызметкермен әкімшілік арасында туындайтын түсінбеушілік (көзқарастарының келіспеушілігі, жұмыс мөлшерінің жүктемесін бөлген кезде туындайтын дау, тапсырмалармен жұмыс басты болуы);

- педагогпен ата-ананың баланы бағалауда көзқарасының келіспеушілігі.

Күйзелістен қорғайтын тәсілдер:

Бір нәрсемен алдану: таза ауада бес минуттік серуен; ойыңызды басқа жаққа аудару; қоршаған әлеміңе мұқият қара, әр ұсақ бөлшектерге көңіліңді бөл және ішіңнен өзіңе өзің айт «қоңыр үстел, жасыл перде».

Жағдайдың маңыздылығын төмендетіңіз: есте болсын, күйзелістің нақты себебі адамдар емес, көңіл қалу, қателік емес, осы жағдайға сіздің қарауыңыз.

Әрекет жасаңыз: қандай да болмасын әрекет, әсіресе дене жұмысы – күйзеліс жағдайында найзағай тартқыштың рөлін орындайды.

Ойлап шығару: қандай да болмасын шығармашылық жұмыс уайымнан жазады — сурет салыңыз, өлең айтыңыз, құрастырыңыз, іс тігіңіз.

Эмоцияңызды шығарыңыз:

Эмоционы шығару денсаулықты сақтауға қажет (физикалық және психикалық), ол үшін, эмоцияны ым, мимика, дауыс арқылы көрсетіңіз; қағазды уаждатыңыз және жыртыңыз; қабырғадағы нысанаға заттарды лақтырыңыз; өзіңіздің сезіміңізді бейнелеп, оны бояңыз, қызық қылыңыз немесе жыртыңыз; біреумен сөйлесіңіз, сөйлескен кезде сезіміңізге көңіл бөліп («Мен ренжулімін...», «Бұл мені қынжылтады...»)

Жас мамандарға қандай психологиялық қолдау жасау қажет:

1. Жас маманға балабақша жағдайында бейімделуде эмоционалды қолдау көрсету, өзіне деген сенімділігін арттыру.

2. Жас маманның қателігі: балалармен қарым-қатынас жасауда көбінесе бұйрық түрінде береді, екпінмен сөйлейді. Бұл жағдайда психолог кеңестер беріп, әдіскермен және тәжірибелі педагогтармен жас маманның сабағын қарап, талқылау қажет және балалармен тұлғалық-бағытталған қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатымен тренинг жүргізу.

3. Кәсіби әрекетінің маңыздылығын жоғарлату мақсатымен тұлғалық өсу тренингісін жүргізу және жеке кеңестер беру.

4. Тәрбиешінің бірінші жыл педагогикалық еңбегінде педагог-психологтың негізгі жұмыс бағыты психологиялық көмек көрсетуге бағытталған болу керек. Бірінші жыл жас маман бейімделу кезеңін өтеді — ол

педагогтың жаңа жұмыс ережелері мен әріптестеріне және балаларға үйрену кезеңі.

Еңбек жолын жаңа бастаушы педагогпен жұмыс екі бағытта іске асырылады: әдістемелік және психологиялық-педагогикалық. Сонымен қатар, педагог-психолог психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін жоғарлату бойынша жұмыстарды жоспарлап, және алдын алу жұмыстарды іске асырады. Психологтың міндеті – педагогтарға өздерінің эмоцияналды саулығын сақтауға көмек көрсету, дау-жанжалсыз ата-аналармен, әкімшілікпен, ұжыммен жұмыс жасау. Балалармен және олардың ата-аналарымен өзара-әрекет жасауға көмек көрсету.

Педагогикалық ұжыммен жұмыс жасауда тиімді психологиялық сүйемелдеу жасауда ең бірінші – диагностикалық құралды анықтау қажет.

Психолог өз жұмысында келесі әдістемелерді қолдануы мүмкін:

- Р. В. Овчаровтың кешендік экспресс-диагностикасын;
- В. В. Бойконың эмоцияналды күйуі;
- Сауалнама-тесті «Педагогтың тұлғалық кәсіби бағытын анықтау»;
- Ю.В.Щербатыхтың стресс көрінісіне кешендік баға беру жән т.б.

Психологтың жас мамандармен өзара-әрекеттестігі көбінесе кеңес беру-ағартушылық жұмыс бағытына жатады. Бұл жұмыстың мақсаты балалардың даму мәселесі, қарым-қатынас, тәрбиелеу және диагностика нәтижесі негізінде жұмыс жасау. Жас мамандарға психологиялық ағартушылық әңгімелесу, педагогикалық кеңестерде, дәрігерлік-педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу, топтық және жеке кеңестер, сауалнамалар, психологиялық гимнастика, педагогикалық жағдаяттар, рөлдік ойындар кіретін іскер ойындар, тренингтер жүргізу.

Топтық кеңестерде тәжірибелік ұсыныстар, өзіндік идеялар болу қажет және өздерін еркін ұстайтындай қарым-қатынас тудыру, қарастырылатын сұрақ бойынша «ми шабуылы» әдістемесінің элементін қолданған жақсы.

Кәсіби әрекеттің басында жас мамандарға балаға деген тұлғалық-бағытталған позициясын қалыптастыруды бастау өте маңызды.

Кәсіби әрекеті орташа еңбек өтілі бар педагогтармен өзара-әрекет жасауда негізгі бағыт – жеке кеңес беру. Психологиялық кеңес беруде өз проблемасын шешуде жаңа мүмкіндіктерді басынан өткізуге жағдай жасау.

Ауыр жағдайларда көмек көрсетуде келесі жұмыс түрлерін қолдануға болады:

- релаксация тәсілдері;
- арнайы физикалық жаттығуларды қолдану;
- кинезиологиялық жаттығуларды қолдану;
- бұлшық етке түскен күшті жою тәсілдерін қолдану.

Көп жыл еңбек өтілі бар педагогтармен кәсіби әрекетінің стереотиптенбеуінің алдын алуға бағытталған жұмыстың негізгісі — психолог әдіскерге шығармашылық топтар жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетеді

және әдістемелік тренингтер (мысалы, арт немесе ойын терапевтік техникаларды балалалармен жұмыс жасауда қолдану бойынша) көмек көрсету.

Педагогикалық кадрлардың аттестаттаудан өтуі – өте маңызды үрдіс, себебі балабақшада жоғары кәсіби кадрлар құрамы қалыптасады. Ең бірінші көмек, ол аттестация деген не, қалай өтеді, кім жүргізеді, қандай құжаттар дайындау керек, әдістемелік-психологиялық ақпарат беру қажет. Екінші көмек педагогқа қорқынышын жеңуге көмек көрсету, тек сонда ғана аттестаттау үрдісі түсінікті, анықталған болады, олай болса, педагог өз күшіне өзі сенетін болады. Педагогтың тәрбиеленушілерінің тәрбиешісі болу қабілетінен, балалардың жеке қабілеттерін және икемділігін ескере білуі, іскерлігінен ұжымда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай құруынан - тәрбиелеу, білім беру әрекетінің тиімділігінің байланысы. Балабақша психологының әрекеті тиімді педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруға бағытталған. Психолог, тәрбиешілер және мамандардың бір-бірінің кәсіби тұлғалық ерекшеліктерін білгендері өзара-түсіністікті жақсартуға ықпал етеді және педагогтардың ынтымақтастығын құрылымдық негізде құруға мүмкіндік береді. Педагогтардың қорытынды мақсаты әр баланың үйлесімді тұлғалық дамуы.

Психологиялық сүйемелдеу педагогтың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін жоғарлатуға ықпал етеді. Ал, бұл, балабақша ішіндегі психологиялық қолайлы жағдайдың тиімді факторы болып табылады.

Балалардың ата-аналарымен жеке кеңес ұйымдастыру бойынша педагогтарға арналған ескертпе

1. Кеңесті түрегеліп тұрып жүргізбеңіз, отыруды ұсыныңыз (отыру мүмкін болмаса, жоғары шығуға).
2. Ата-анаға аты-жөнін айтып, қарым-қатынас жасаңыз (білмесеңіз, бірінші секундтарда әдептілікті сақтап, біліп алыңыз).
3. Кеңес беру барысында өзіңізді ұстау мәнерін сақтаңыз: әбігерленбеңіз, қолыңызды қалтаңызда ұстамаңыз, т.б. Сұхбаттасушымен оның баласының және өзінің де ісіне және мәселесіне өзіңіздің жылы шырайлығыңызды білдіріңіз.
4. Ата-аналармен әңгімелескенде өзіңізді «тең» ұстаңыз, қамқорсынып және жағымпазданбай сөйлесіңіз.
5. Қорғануға тырыспаңыз (сұхбаттасушы сізді бір нәрсеге кінәлі болып қалғандай әсер қалдырады). Бірақ, ата-ананы кінәлап, сіздікі дұрыс емес деп, «шабуыл жасамаңыз».
6. Сұхбаттасушыға жағымды көңіл-күймен қараңыз, оның түрінен, мінез-құлығынан жақсы бірдеңе табуға тырысыңыз.
7. Бала жөнінде пікіріңізді былай бастаңыз: «Сізден көмек сұрайын деп едім...», «Маған сіздің көмегіңіз керек...» деп.

8. Егерде ата-ана агрессивті түрде бірден өз наразылығын білдіріп жатса, бірден оған жауап беруге тырыспаңыз. Ең алдымен әңгімені жағымды арнаға бұрыңыз.

9. Мәселе байыпты болса, онда оны бірлесіп шешуге тырысыңыз, ата-ананы конструктивтік, серіктестік қарым-қатынасқа тартыңыз.

10. Ата-аналардың кеңестері мен тілектерін сізге құнды ақпарат ретінде қабылдаңыз.

11. Ата-анамен кеңестің ақыры қалай аяқталса да, тату әңгімелесумен аяқтаңыз, уақыт тауып келгеніне ризашылығыңызды білдіріңіз, әрі қарай сіздердің ынтымақтастығыңыз табысты болатынын сенім білдіріңіз

12. Бала туралы жақсы бірдеңе айтыңыз (тек шын ниетпен айтылу керек).

Психологиялық қолдау жасау – бұл балаларды табысты тәрбиелеуде және оқытуда әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға және өзара-әрекет жасау жағдайында баланың психологиялық дамуына бағытталған психологтың кәсіби әрекетінің жүйесі.

Психологическое сопровождение — это система профессиональной деятельности психолога, направленной на создание социально-психологических условий для успешного обучения и психологического развития ребенка в ситуациях взаимодействия.

Psychological support – system of professional activity of psychologist, that is directing to the creating of social-psychological conditions for the successful learning and psychological development of child in the situations of interaction.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім беру туралы» ҚР Заңы, 2007 жыл.
2. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл.
3. «Ғылым туралы» ҚР Заңы, 2011 жыл.
4. Абдыманапов С.А., Нефедова Л.В., Ахметкаримов Г.С., Соколова М.Г. Тесты: теория и практика. – Астана, 2001 жыл.
5. Бухвалов В.А. Методики и технологии образования – Рига, 1994 ж.
6. Көмекбаева Л. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру, Алматы: 2003 жыл.
7. Варга А.Я. Психолог в обществе и профессиональное сообщество // Журнал практического психолога. № 9, 1999 жыл.
8. Мардер Л. Тренинг педагогической осознанности. Рабочая программа формирования у педагогов личностно-ориентированной позиции по отношению к детям // Школьный психолог, 2003 г. - №22.
9. Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. - СПб.: Питер, 2006 г.

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ
РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІКKE ТӘРБИЕЛЕУDE
ОТБАСЫ MEH БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

Ж. О. Бакишева
№29 «Ақ қайың»
балабақшасының әдіскері
Астана қаласы

Түйінді сөздер: рухани-адамгершілік тәрбие, мектеп жасына дейінгі балалар, қарым-қатынас, принциптер, рухани-адамгершілік тәрбиенің құралдары мен әдістері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы №356 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша пилоттық білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» бұйрығына және Астана қаласы Білім Басқармасының №537 бұйрығына сәйкес, №29 «Ақ қайың» балабақшасы пилоттық балабақша тізіміне енгізілді. «Бөбек» ҰҒПБСО орталығының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша мақсат пен міндеттерін іске асыру барысында балабақшамызда түрлі жұмыстар жоспарға сәйкес іске асырылуда.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған тәрбиеленушілердің жан-жақты және толыққанды тұлғасын дамыту үшін бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістігін құруда ата-аналардың атқаратын рөлі өте зор. Осы мақсатта балабақшамызда ата-аналармен рухани-адамгершілік бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып өткіміз келеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл үздіксіз жүретін үрдіс, рухани-адамгершілік тәрбиені баланың алғашқы қадам жасаған сәтінен бастау қажет, себебі мектепке дейінгі кезең баланың ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді бойына сіңіретін ерекше кезең болып саналады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, шыдамдылық, аяушылық, дұрыс мінез-құлық сияқты адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіру, өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу мектепке дейінгі мекеменің қабырғасынан қалыптасады.

Осы бағыттағы жұмысты талдай келе, біз төмендегідей қорытындыға келдік, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасын балабақшаның білім беру үрдісінде табысты іске асыру мақсатында біртұтас рухани-адамгершілік білім беру ортасын: *отбасы және мектепке дейінгі мекеме құру қажет.* Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата - аналар

мен мектепке дейінгі мекеменің басты міндеті. Демек, бала бойына жан –жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Біздің ата-аналармен қарым-қатынасымыз *«Біз бәріміз, бір-біріміз үшін қажетпіз!»* ұраны арқылы іске асырылды.

Төмендегі іс-шаралар арқылы жүзеге асады:

- Ата-аналар жиналысы (рухани-адамгершілік тақырыптарға), слайдтар;
- театрлық қойылымдар;
- ата-аналар лекторийі;
- ата-аналарға арналған «Жүректер үндестігі» клубы;
- ата-аналар конференциясы «Үш жүрек бірлігі»;
- апталық акциясы «Мейірімді жүрек» (сурет көрмесі, фото көрмесі, мәнерлеп оқу, қолөнер көрмесі, отбасылық суреттер);
- қайырымдылық акциялары – балалар үйіне бару, еңбек және соғыс ардагерлерімен кездесу, музыкалық мектеп және №4 мектептің балаларымен кездесулер;
- ата-аналар мен балалардың біріккен нәтижелі іс-әрекеттері (көрмелер, қабырға газеті, қолөнерлер).
- ата-аналар мен балалардың біріккен жобалары;
- фотокөрмелер;
- тәрбиешілерге арналған оқулар «Сүйіспеншілік сабақтары», ата-аналарға, балаларға, немерелерге арналған хаттарын оқу;
- сауалнамалар;
- мерекелік және спорттық іс-шараларды өткізу;
- ашық есік күні;
- кеңестер, тренингтер, жағдаяттар шешу.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ең маңызды түріне ата-аналар жиналысын жатқызамыз. Дәстүр бойынша әр жаңа оқу жылының басында, балабақшаның әр тобында ата-аналарға арналған жиналыстар өткізіліп, рухани-адамгершілік тәрбиеге арналған С.Г.Хожамуратовамен біріккен ата-аналар лекторийі өткізіледі. Жиналыстар қандай тақырыпқа арналса да, оның басты мақсаты болып, рухани – адамгершілік тәрбиені отбасымен қатар балабақшаның күнделікті өмірінде жүйелі түрде қолдана білу болып табылады.

Баланы рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді іске асыру мақсатында педагогтар жүйелі түрде «Жағымды тәрбиенің әдістері», «Қайырымды істер», «Үлкендер және достарыңмен қарым- қатынас мәдениеті» «Ұл мен қызды тәрбиелеуде әкенің атқаратын рөлі», «Ана - қыз бала үшін үлгі» т.б тақырыптарда кеңестер беріп отырады.

«Үш жүрек бірлігі» тақырыбындағы ата-аналарға арналған конференцияны оқу жылының аяғында өткізуді игі дәстүрге айналдырдық.

Мерекелік, спорттық іс –шаралар мен байқауларды өткізу, сонымен қатар біріккен нәтижелі іс-әрекет ата-аналар мен балалардың бір –біріне деген қарым-қатынасының нығайуына себеп болады.

Осы мақсатта төмендегі іс-шаралар өткізілді:

- Әкем, анам және мен (спорттық сайыс);
- Театрландырылған қойылымдар: «Алтын күз», «Қайырымды істер», «Бақыт дегеніміз не?» т.б
- Тілдер апталығы;
- Наурыз мейрамы;
- Мейірімділік күні;
- «Махаббат пен шығармашылық» тақырыбындағы байқаулар;
- «Әжемнің мейірімді қолдары», «Мейірімділік біздің қолымызда»;
- Қолөнер көрмесі «Күз сыйы», «Біздің отбасының жаңа жылдық ойыншығы»;
- Фотокөрмелер «Менің сүйікті отбасым», «Отбасындағы туған күн», «Біздің дәстүрлер», «Балаларды алақанымызда аялайық».

Ата-аналармен жеке жұмыс жасау мақсатында:

- жекелей қалташалар, қалташаларға тәрбиешілер ата-аналарға арнап баласының соңғы жетістіктері туралы, оның табысы және ата-аналарға арнап жазылған ақыл-кеңестер жазылған хаттарды салып қояды.
- ата-аналардың балаларына арналған хаттары, қайырымдылық пен сүйіспеншілік тілеген жылы сөздері;
- балалардың портфолиосы.

Ата-аналарды рухани-адамгершілік тәрбиемен таныстырудың тағы бір формасы - көркем құралдар: (газеттер, стендтер, қозғалмалы папкалар мен жағымды отбасының тәрбиені насихаттау т.б.) балалардың жалпыадамгершілік қасиеттерін дамытуға зор үлесін қосады.

1. Образовательная программа для детей старшего дошкольного возраста «Звук – волшебник», Т.Н. Девятова, 2006 г.
2. Жинкин Н.И. Язык, речь, творчество. - М., 1998.
3. Ефименкова Л.Н. Формирование речи у дошкольников – М., 1985.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Ж. П. Есжанова
№71 «Мөлдір»
балабақшасының тәрбиешісі
Астана қаласы

Түйінді сөздер: дидактикалық ойындар, оқу процесі, тілдік-коммуникативтік құзіреттілік

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында былай деген: «2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға дейін артады». Сонымен қатар «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деген.

Жаңа қоғамға жаңа ұрпақ тәрбиелеу мақсатында балаларға білім беру жүйелі дұрыс жолға қойылған. Болашақ ұрпақты қоғам мүддесіне үйлесімді түрде қайта оқыту және тәрбиелеу міндеттері жүзеге асырылуда. Солардың бірі мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталып, өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі – ойын. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Әсіресе, дидактикалық ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттыруға басты құрал. Дидактикалық ойынның баланың тілін, ой-өрісін дамытуда алар орны зор. Ойын – баланың психикасында саналы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау-қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Дидактикалық ойын арқылы ойлау, тілін жаттықтыру операцияларын меңгерген бала, өте зерек бола бастайды, анық және мәдениетті сөйлеуді, ойлауды үйренеді. Бала дер кезінде ойын жинақтап, шешім қабылдап және басқаларды өзінің дұрыстығына сендіре алады.

Дидактикалық ойынның негізгі міндеті – баланың білімін байыту, мәдениетті сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Дидактикалық ойын арқылы бала – ойыншықтар мен заттарды түсіне, көлеміне және пішініне, түсі және көлемі бойынша кезектестіріп, белгілі бір жүйелі мұнара және пирамида құрастырып шыға алады.

Балаларды ойната отырып оқытуға белсене кірісіп, ой-өрісін дамытатын дидактикалық ойындарды көбейткеніміз дұрыс. Оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған ойындардың барлығы да баланы қоршаған ортаға қызмет ететін, оған таныс, бала санасын оятатын, дидактикалық ойын жандандыратын дидактикалық құралдардың болуымен ерекшеленеді. Әдемі, айшықты көркем безендірілген дидактикалық көрнекі құралдар балалардың ойынға деген қызығушылығын арттырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Ойын — баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқанындай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Сондықтан да ойшыл ұлы ақындарда «балаларды ойын арқылы оқыту керек» деген ой қалдырған болатын.

Дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Әр дидактикалық ойынның танымдық және тәрбиелік мазмұны болады. Ойын арқылы оқыту, тәрбиелеу

бұл көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады. Ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет деп санаймын.

Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни оқу іс-әрекетті кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұластырып ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Осы шарт орындалған жағдайда дидактикалық ойын шын мәнінде тәрбиеленушілердің ойын жетілдіре оқыту әдісі өз деңгейіне көтеріледі. Топ проблемасын алуға негіз болып отырған бұл өзекті мәселеден мен де тыс қалған жоқпын. Алдыма келген бүлдіршіндерді заман талабына сай оқытып, тәрбиелеудің жолдарын іздестірдім. Қай тәрбиешіні болсын алаңдататын бір жәйт ол баланың дербестік іс-әрекеті, оқу іс-әрекет кезінде баланың ойын дидактикалық ойындар арқылы дамыта білу қабілеті.

Ойын — балалардың тілдік-коммуникативтік құзіреттілігін дамытудың құралы болып табылады. Әсіресе, бала тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеуді және сөздік қорын дамыту үшін оқу іс-әрекеті кезінде қолданылатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдаланып ойналатын дидактикалық ойындар арқылы баланың жеке басын, ойын әрекетін дамытуға болады. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға, ойлауын, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, салыстыру, жіктеуге, өзін-өзі бақылауға үйретеді. Дидактикалық ойындарды іріктеудің басты нысаны баланың ойынды саналы түрде түсініп, ойын шартын дұрыс орындауға тырысуға, белгілі бір нәтижеге жету мақсаты көзделеді. Ең бастысы балалар ойын шартын орындап, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруге дағдыланады. Сондай-ақ ойын шартын, ережесін қатаң сақтау арқылы олар бір-бірін тыңдай білуге, жіберген қателерін түзету жолында белсенділік танытуға ынталандырылады. Сонымен қатар балалар жаңа ойын ережесін ойлап табуға, оны басқаларға түсіндіре білуге, ойынды ұйымдастыруға жаттықтырылады.

Дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Атап айтқанда, біз оқу іс-әрекеті барысында дидактикалық ойындарды пайдаланған кезде міндетті түрде оқу іс-әрекетін бекіту, меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту және баланың шығармашылығын дамытуға негізделген ойындар оқу іс-әрекеттің тақырыбына, мақсатына сай таңдалынып алынады.

Дидактикалық ойындарды қолдану кезінде сюжеттік сурет, үлгі (схема), құрылған жоспар және белгіленген рөлдер бойынша балалардың тілінің

байлығын, сөз тіркестерін, сөйлемділік құрылымдар мен мәнерлік бейнелеуін қадағалауға басты назар аударылады. Әлемдік педагогикалық тәжірибеде бұл мәселені шешудің кейбір тенденциялары пайда болуда. Олардың бірі-оқыту үрдісінде формальды аспектіге баса назар аудару.[1;6]

Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі әрекеті ойын десек, шатаспаған болар едік. Баланың таным әрекетін дамытуда дидактикалық ойынның ролі өте зор. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Дидактикалық ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Мұндай ойындарды ұйымдастыру қашанда төмендегідей екі мақсатты көздейді:

- танымдық, яғни балада тану және іздену әрекетін дамыту;
- тәрбиелік, яғни үлкендермен немесе өз қатарластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқу іс-әрекетін байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу;
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі;
3. Тапсырмаларды орындауда баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі;
4. Оқу іс-әрекеті мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар - дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар «Лото», «Домино» және т.б.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойынның маңызы мынада:

1. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтеді, оны бекітіп, нақтылай түседі;
2. Әрбір дидактикалық ойын баланы ойнай білуге баулып, сөздік қорын молайтады, ақыл-ой қызметін қалыптастырады;
3. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады.

Дидактикалық ойын ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті талап етеді. Оқу іс-әрекеті кезінде, күнделікті өмірде тиімді қолданылған ойын тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын баланың аса ілтипатпен тыңдап, жемісті игеруіне ықпал етеді. Өйткені мектепке дейінгі балалар жас ерекшелігіне сай ойынға өте ынталы болып келеді. Балалар тез сергіп, дұрыс орындайтын болады. Дидактикалық ойындар баланың өз бетінше жұмыс істей

білуіне, ойлау қабілетін арттыруына және сөздік қорын молайтуына көмектеседі. Дидактикалық ойынның тиімділігі тақырыпты меңгертуде маңызды рөл атқарады. Төмендегі шарттар орындалған жағдайда дидактикалық ойындарды пайдалану тиімділігі артады:

- Егер тәрбиеші балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру жолдарын меңгерсе;
- Егер ойынның әртүрлі типтерінің өзара әрекеті қамтамасыз етілсе;
- Егер мектепке дейінгі топтарда қолданылатын ойындар жүйесінде басымдылық дидактикалық ойындарға берілсе.[2;18]

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлең, қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Мысалы: «Сықырлы қалпақтың сырын ашайық» деген ойында ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті – қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, әдебиет сабақтарында жиі қолданылады.[3;2]

Мен өзімнің 3 жылдық тәжірибемде көбінесе геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындарды қолданып келдім. Мысалы « Жұбын тап» дидактикалық ойын түрі бар. Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

Тіл дамыту оқу іс-әрекетінде баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып баланың оқу іс-әрекетіне, ойынға деген қызығушылығын арттырып аламын. Мысалы: «Бұзық телефон», «Мен кімін», «Мақалды жалғастыру» және «Өз орныңды тап» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Міне осылай дидактикалық ойын балалардың дүние танымын кеңейтуге, білімге деген қызығушылығын арттыруға өз септігін тигізетініне сенемін. Мен әріптестеріме балаларды әр түрлі дидактикалық ойындар арқылы оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыруын ұсынар едім.

Дидактикалық ойын түрлері: «Қажетті суретті тап», «Пішіні ұқсас заттарды тап», «Нені қайдан алуға болады?», «Сен нені ұнатасың?», «Телефон», «Мен не дедім?», «Кім көп сөз ойлады?», «Жасырылған затты тап», «Кімге не керек?», «Қажетті сөзді ойлан».

«Сен нені ұнатасың?» Ойын жабдығы: Көкөністер мен жеміс суреттері.

Ойын ережесі. Көкөністер мен жеміс суреттері салынған суретті карточкалар тақтаға ілінеді. Үстел үстінде көкөніс, жеміс суреттері аралас

жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс не көкөністерді танып алады да, қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойын баланың сөздік қорын молайта отырып, таным белсенділіктерін, саусақ бұлшық еттерін дамытады және ақыл-ойы жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіреді.

Дидактикалық ойын адамгершілік тәрбие міндеттерін шешуге, балалардың тілін дамытуға көмектеседі. Тәрбиеші балаларды олармен бірге ойнай білу, өз мінез-құлқын реттеу, әділ және адал болу, кешірімді және талапшыл болу қажет етілетін жағдайға қояды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын іс – әрекетін басқаруға тәрбиешілерге нұсқау берілді. Балалармен ұйымдастырылған ойынның мазмұны мен ерекшелігіне талдау жасалды.

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті болып табылады. Сондықтан балабақшада балалардың бойында ойынға деген қызығушылықты қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылды, әдіс – тәсілдері айқындалды.

Балабақшадағы өтілетін оқу іс-әрекеттерінде дидактикалық ойынның маңызы зор. Дидактикалық ойын арқылы баланың ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті және сөздің қоры дамиды.

Дидактические игры в детском саду имеют огромное значение проводимых учебных действиях. Мышление ребёнка развивается культура речи и словарный запас через дидактические игры.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зұлқарнаева А.Т. Тәрбие және білім «Республикалық педагогикалық журнал» №1 (қаңтар-наурыз) 2015, 6б.
2. Жансая Перизат, Қазақ тілі Оқимыз Жаттығамыз «Білімі-танымдық журнал» №2 (34)2015, 18б.
3. Баймуханова Г. Бала мен балабақша, №6, 2013, 2б.
4. Метшенова А.Д. «Отбасы және балабақша», №5 (қыркүйек-қазан) 2014, 17б.
5. Балтабекова А.Ж. «Отбасы және балабақша», №6 (қараша-желтоқсан) 2014, 14-15б.
6. Жүсіпалиева М. «Бала мен балабақша», «Республикалық педагогикалық журнал» №6, 2015, 2-3б.

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІН ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

А. У. Камбарова

№71 «Мөлдір» балабақшасының
тәрбиешісі
Астана қаласы

Түйінді сөздер: мнемотехника, мнемокесте.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық санасы мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде.

Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу кезінде мнемотехника тәсілдерін тиімді құрал ретінде қолданып, балалардың фактілерді, заттарды есте сақтауына, құбылыстар мен оқиғаларды ажыратып, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жетік әңгімелей алуға дағдыландыруға, тіл байлығы, еске сақтау қабілеттері дамыған, сөзге шешен, жан-жақты бала тәрбиелеуге бар күш жігерімді салып жүрмін.

Мнемотехника – грек тілінен аударғанда – «есте сақтау өнері» деген мағынаны білдіреді. Бұл әдіс жүйесі ақпаратты тез немесе нәтижелі есте сақтауға көмектеседі немесе қамтамасыздандырады. Мнемокесте түріндегі дидактикалық материалдарды түсінік айтуда, өлеңді жатқа айтуда, шығармашылық немесе суретке қарап айту кезінде пайдалануға болады. Мнемокестелер заттай, заттай схемалық, схемалық болып келеді. Егер бала затпен тапсырма орындай алса, онда тапсырмалар қиындай түсіп, балаларға заттай схемалық үлгілер беріледі. Мнемокестенің бұл түрі бейнелеу санын азайтады.

Суреттеу. Бұл монологтың ең қиын түрі. Суреттеу психиканың барлық қызметіне (қабылдау, назарын салу, есте сақтау, ойлау) әсер етеді. Затты суреттеу үшін - оны әбден ұғыну, байқау керек, ұғыну – ол таңдау. Бұл балаға өте қиын. Ол үшін балаға міндетті түрде бірінші заттың белгісін таңдап алуды үйрету керек.

Түсінігін айту. Балаға сөйлем құрастыру маңызды рөл атқарады. Бұл жерде сөз құрлымын жетілдіру, сөйлемді мәнерлі құра білу керек. Егерде мнемокестенің көмегімен әңгімелесе, балалар әңгімеге қатысты кейіпкерлерді көріп тұрса, онда балалар өз ойын жинақтап сөйлемді дұрыс құруға бар назарын салады.

Өлеңді жаттау. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мнемокесте арқылы өлең жаттауды оңайландыруға болады. Бұл балаларға әңгіме айту кезінде логикалық бірізділікті ұстауға көмектеседі.

Шығармашылық әңгіме немесе баяндау. Балалар әңгімені немесе ертегіні ойдан шығарып айтуды өте жақсы көреді. Балалардың әңгімесі бірдей болмас үшін әңгімені жүйелі құрауға мнемокесте көмектеседі. Бұл кесте балалардың ойлау қабілетін дамытады.

Мнемотехника – дегеніміз не? Мнемотехника — тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Мнемотехника - балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әңгіменің барысын тиімді есте сақтауға, әңгімені айтып беруге және тіл дамытудағы іс-әрекеттердің жүйесі.

Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер:

Балабақша жасында көрнекілік-бейнелік есте сақтау және есту, суретін көру арқылы баланың есінде нақты қалады. Мнемотехника — оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемоквадраттан бастап, жай ғана мнемо жолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту қажет.

Мнемокестенің мазмұны — ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкері бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әңгіменің сюжеті.

Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнелеген сурет балаға түсінікті болуды жеткізу.

Схема — мнемокесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал болып табылады.

Әдістеменің ерекшелігі – заттардың кескінін емес, есте сақтау құралының нышандарын қолдану болып табылады. Нышандар – тілдік материалдарға барынша жақындатылады, мысалы жабайы (орман) жануарды белгілеу үшін шыршаның, үй жануарларын белгілеу үшін үйдің кескінін қолданады.

Балалардың тілін дамыту жөніндегі дәстүрлі жұмыстарды мынадай бағыттар бойынша жүргізуге болады:

- сөздік қорды байыту;
- әңгіме құрауға және оны ойлап табуға үйрету;
- тақпақтар жаттау;
- жұмбақтар шешу.

Белгілі бір ақпараттарды білдіретін мнемикалық кестелер дидактикалық материалдар ретінде қызмет етеді.

Өз іс-тәжірибемде мнемотехника әдісін қолданудамын. Бұл әдіс өте оңай және балалардың есінде тез жатталып қалады.

Мнемотехника әдісін қолдана отырып, ересектер тобында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша «Жақсылыққа жақсылық» атты тақырыпта ашық сабақ өткізілді. Мнемокестенің көмегімен әңгіме балаларға сурет бойынша айтып берілді. Балалар да суретке қарап әңгімені оңай еске түсіріп айтып шықты.

Құмырсқа мен көгершін

Бір құмырсқа сусап су ішуге өзенге түсті. Оны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар бір көгершін суға кетіп бара жатқан құмырсқаны көріп, бұтағын оның үстіне тастай берді.

Құмырсқа бұтаққа мініп, толқынмен судың шетіне шығып, ажалдан құтылды. Мұның артынан манағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшының құс аулауға құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды басып қалып, көгершінді ұстап алуға даярланып тұрғанын құмырсқа көріп, өрмелеп келіп, оның аяғын қатты шағып алды. Аңшы «уһ!» деп ауды қоя бергенде, көгершін көтеріліп ұшып кетті.

Мнемотехника әдісін қолданған өте тиімді. Себебі, кандай да бір тақырыпты алсаңыз оны балаларға жеңіл түрде түсіндіру керек, ал бұл әдіспен балаларға қимылмен де, суреттермен де түсіндіру өте оңай.

Мысалы, «Асқабақ» туралы балаларға түсіндіргенде төмендегі кестені пайдалануға болады.

-Балалар, асқабақты немен көреміз?

- Көзбен.

-Қолмен не істейміз?

- Ұстаймыз.

- Мұрнымызбен иіскейміз.

-Аузымызбен дәмін көреміз.

Балалар асқабақтың түсін, пішінін айтып кесте арқылы тез естеріне сақтайды.

Мнемокесте қолданылған тіл дамыту сабақтардың нәтижесінде, балалар әңгіме, ертегі, тақпақтарды оңай құрастырып, жаттап алады.

Мнемоника немесе мнемотехника қосымша ұғым қалыптастыру жолымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау қабілетін ұлғайтатын әртүрлі тәсілдер жүйесі. Мұндай тәсілдер мектепке дейінгі балалар үшін айрықша маңызды, өйткені ойлау, есте сақтау сыртқы құралдардың көмегімен тез шешіледі, олар көрнекі материалдарды тез игереді. Тіл дамыту сабақтарда мнемоналық кестелерді қолдану балаларға көріп қабылдайтын ақпаратты тиімді қабылдауға және қайта өңдеуге, әрі оқу тапсырмасына сәйкес оны қайта тарқатуға, есте сақтауға және жаңғыртуға мүмкіндік береді.

«Бала тілі — бал» — дегендей, әр баланың өз ойын жетілдіріп жан-жақты біліп, оқып тоқығанын ой түйсігіне жеткізу тек тілдің дамуы арқылы жетеді. Баланың тілін дамытуда тек мнемокестемен шектелуге болмайды. Бұл тек, басты тиімді жұмыс, өйткені мнемокестені қолдану балалардың көру, есту, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Мнемокесте қолдана отырып, үстел ойындары, сөздік ойындарды пайдалану керек. Сонда ғана баланың ойлау қабілеті, тілі, сөздік қоры дамиды.

Қазіргі кезде мнемотехника әдісін қолдану өте тиімді. Себебі, балаларға үйрететін тақпақтар, ертегілер, жұмбақ, әңгімелерді, суреттер, схемалар

және мнemo кестелер арқалы көрсетеді. Бұл балалардың есте сақтау қабілетін дамытады.

В настоящее время очень удобно применять методику мнемотехники. С помощью схем и мнемотаблиц дети легко учат стихотворения, сказки, загадки, рассказы. Это развивает память у детей.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 27.07.2007ж., № 319-III ҚРЗ. Астана. Ақ Орда;
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11.07.1999 ж., № 151-1;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 11.10.2004 ж., № 1459;
4. Ә.С.Әмірова, К. Анартаева «Тіл дамыту», Алматыкітап – 2008.
5. Научно-методический журнал «Логопед», №4/2008
6. Дошкольное воспитание, №6/2004
7. М.Г. Дрезнина «Каждый ребенок - художник», Москва – 2002.
8. «Менің алғашқы энциклопедиям», Алматыкітап – 2007.
9. «Отбасында баланы мектепке дайындау», Шартарап «Алматы» - 2000
10. Ә.С.Әмірова, К.А.Анартаева, Тіл дамыту әдістемелік құрал, Алматыкітап 2005 ж.
11. Жүсіпалиева М, «Бала мен балабақша», «Республикалық педагогикалық журнал»№6, 2015ж.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Г. Бекбаева
№60 «Арай»балабақшасының
Тәрбиешісі
Астана қаласы

Түйін сөздер: ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолдану, флипчарт, электронды көрнекілік.

Мақсаты:

Балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ақпаратты технологияларын пайдалану.

Міндеттері:

- Балабақша жас ерекшелігіне сәйкес ақпаратты технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын айқындап алу;
- Ақпараттық технологиялық құралдармен жабдықтау;
- Арнайы сабақтарда қолданылатын технологиялық құралдарды анықтау;
- Бос уақыттарында ақпараттық технология құралдарын қалай пайдалану керектігін дайындау;
- Осыны жүзеге асыруға арналған әдістемелік көмекші құрал дайындау.

Болжамы:

Егер балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ақпаратты технологиялар тиімді пайдаланып, көрнекіліктер, көмекші құралдар жасалса, онда іс-тәжірибе оң нәтиже береді.

Күтілетін нәтиже:

- Ақпараттық технология арқылы берілген тапсырмаларды орындай алады;
- Компьютерлік ойын тапсырмаларын еркін орындайды.

Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағымды әсерімен қатар жағымсыз әсер ететіні сияқты компьютер баланың өміріне ерте жастан бастап енетінін білеміз. Баланың психикасына әсер ету күші бойынша заманауи ақпараттық технологияларды басқа құралдармен салыстыруға келмейді.

Балабақшадағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар – заманауи мектепке дейінгі тәрбиелеудің өзекті мәселесі.

Ғылыми-техникалық ілгерілеу барысында білім беру үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнына жаңа талаптарды ұсынады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі ұйымдарда АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – «Флипчарт». Флипчарт деп блокнот қағидасы бойынша аударыстыратын парақ немесе қағаз блогына арналған магнитті маркерлік тақтаны айтады. Интерактивті тақта мен заманауи бағдарламалық жабдықтың пайда болуына байланысты интерактивті тақтаның бағдарламалық жабдықтама терезесіне (мысалы, ActivInspire), белгілер, суреттер, бейне-, дыбыс файлдар, анимациялар, интерактивті сабақтар және веб-сілтемелер қосуға болатын тіктөртбұрыш жұмыс кеңістігін флипчарт деп атайды.

Флипчарт – бұл интерактивті, мультимедиа сияқты қасиеттерді сипаттайтын электронды көрнекілік. Флипчарт – бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс саласы.

Флипчарт – ActivInspire бағдарламалық қосымшада құрылымы жасалған сабақ, бағдарламалық қосымша орнатылмаған жағдайда флипчарт құру мүмкін емес. Сондықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам өмірінің барлық саласында берік енеді. Тиісінше, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тәрбиелеу-оқыту жұмысына дәстүрлі тәсілдерді алмастырмайтын, керісінше олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге әсер ететін жаңа тәсілдемелер енгізетін жаңа талаптар ұсынады.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге, балалардың психологиялық дамуының сан алуан жақтарына оң әсерін тигізуге ықпал етеді. Оларды қолдана отырып дамыту сабақтар анық және серпінді болады. Компьютерлік техникаларды іске асыру сабақтарды тартымды және заманауи етуге, көрнекіліктерді қолдана отырып танымдық және шығармашылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

ФЛИПЧАРТ-САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Тақырыбы: «Құстардың тіршілігі»

Мақсаты:

1. Құстардың тіршіліктерімен таныстыру, олардың қоректері, пайдасы.
2. Құстардың әр қайсысына өзіне тән қасиеттері тірлігіне әңгімелеу және адам өміріне маңызы туралы мағлұмат беру.
3. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

4. Оқу іс-әрекет барысында орындалатын тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: үй құстары, қыстап қалатын құстардың видеобейнесі, ұнтаспалық дыбыстары, АКТ.

Сабақтың түрі: Флипчарт-сабақ

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, жұмбақ шешу, ойындар.

Пәнаралық байланыс: тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.

1. Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері

«Әдепті елдің баласы алдымен сәлем береді» - демекші сәлемдесейік, балалар!

- Армысың, қайырымды Аспан-ата!
- Армысың, мейірімді Жер-ана!
- Сәлеметсің бе, Шуақты алтын-күн!
- Армысыңдар, Қонақтар!

2. Негізгі бөлім

Видеодан табиғаттың көрінісін көрсету және құстардың видеосын көрсетіп дыбысын тыңдату.

- Балалар, сендер не көрдіңдер?
- Балалар, яғни бүгін біз табиғатымызға сән берген қыста құстап қалатын құстар мен үй қыстары жайлы әңгімелейміз.

(Орман тіршілігі, құстардың дыбысы, мекені, пайдасы және қорегі жайлы деректер көрсетіп әңгімелейміз).

Аспаныма шарықтап ән беретін,

Қонақтаса ағашқа сән беретін

Ол не? (Ол - құс).

Құстардың пайдасы өте көп, олар табиғаттың байлығы саналатын ағаштардың, өсімдіктерді зиянкес жәндіктерден тазартады. Құстар бір жерде тұрмайды, бір жерден екінші жерге ұшып-қонып жүреді. Барлық құстарға ортақ қасиет - олар ұшады, олардың қанаттары, мамықтары, тұмсықтары бар. Олар жұмыртқалайды, балапан басады.

Құстарға қауіп төнген кезде құстар шырылдап, өздерінің балапандарына ескертеді. Балапандар өздерінің тамақ жегісі келгендерін шикылдап аналарына білдіреді.

I. Үй құсы қаз туралы мәлімет беру, (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, пайдасы, жұмыртқасының түрін, балапанының түрін көрсету).

II. Үй құстары этеш, тауық туралы мәлімет беру (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, пайдасы, балапанының түрін, жұмыртқасын көрсету).

III. Қарлығаш туралы мәлімет беру (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, пайдасы, балапанының түрін, ұясын, жұмыртқасын көрсету).

IV. *Sergitu сәті.* «Қарлығаш» видео

V. Тырна туралы мәлімет беру (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, балапанының түрін, жұмыртқасын көрсету).

VI. Сарыбауыр шымшық туралы мәлімет беру (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, жұмыртқасының түрін, мекенін көрсету).

VII. Үкі туралы мәлімет беру (видео көрсетіп дыбысын тыңдату, ұясын, балапанының түрін, қорегін көрсету).

3. Қорытынды бөлім.

Қанатты дос — табиғат тартуы осы табиғатқа көрік, сән, ән болған құстарды қорғайық балалар! Ал, құстар — өсімдік қорғаушысы. Сол құстарға қамқор бола білейік.

Енді, балалар, жұмбақ шешейік.

I. Жұмбақтар шешу

1. Кеудесі қайқандап

Жүреді байпандап (ҚАЗ).

2. Екі айыр құйрығы

Қияқ мұртты қанаты

Ұшқырлардың жүйрігі (ҚАРЛЫҒАШ).

3. Шүнтиып қос құлағы

Түнде көрер қырағы (Үкі).

«Кел, балалар, ойнайық, ойнайық та ойлайық!».

II. “Мекенін тап” ойыны

(құстардың қайда мекендейтін жерлерін сызық арқылы белгілейді)

“Құстардың тіршілігі” атты оқу іс-әрекетіміз аяқталды

«ҚҰСТАРДЫҢ ТІРШІЛІГІ» ТАПСЫРМАЛАРЫ

1



2.



3





отряд: ВОРОБЬИНЫЕ семейство: ЛАСТОЧКОВЫЕ




СВМБЦ



СВМБВ

В данный момент вы слышите голос этой птицы

4 Ласточка береговая или береговушка

отряд: СОВООБРАЗНЫЕ семейство: СОВИНЫЕ




СВМБЦ



СВМБВ

В данный момент вы слышите голос этой птицы

5 Филин обыкновенный



6.

СЕРГІТУ СӨТІ



7.

Кеудесі қайқанда

ЖҰМБАҚТАР


Екі айыр құйрығы
Жүреді байпаңдап.
Қияқ мұртты қырағы
Ұшқырлардың жүйрігі.



Шұнтиып қос құлағы
Түнде көрер қырағы.




8. «МЕКЕНІН ТАП» ОЙЫНЫ




ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКА ҰҒЫМДАРЫМЕН ТАНЫСТЫРУҒА
АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. «АУЫР-ЖЕҢІЛІН АЖЫРАТ» ОЙЫНЫ




2.



3.


САЛЫСТЫР



< >
=

САУАТ АШУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. СУРЕТТІ РЕБУС
(бастапқы әріптерін жазып, ребусты шешеді).



(АТА)



(ЖІП)




(БАЛА)

2. СӨЗЖҰМБАҚ


1. Бізді дүниеге әкелген жан?
2. Қасиетті тағам қалай аталады?
3. Әкенің әкесі кім?

ЖАНУАРЛАР ТІРШІЛІГІ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

ОЙЫН: «АРТЫҒЫН ТАП»



«ҚАЙСЫСЫНАН НЕ АЛАМЫЗ?»



«МЕКЕНІН ЖӘНЕ ҚОРЕГІН ТАП» ОЙЫНЫ





«ҚАЙ ДЫБЫСТЫ ЖОҒАЛТТЫМ?» ОЙЫНЫ

Қ		Л	Ы	Н
Ш	О	Ш		А
	О	З	Ы	
Б		З	А	У

Техникалық құралдардан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардан үйрету айырмашылығы баланы тек қатаң түрде таңдап алынған көптеген дайын білімді қалыптастырып және бекітіп қана қоймай, сонымен қатар, балаларды зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларда ес, қабылдау сияқты психикалық процесстер әлі де болса қалыптаспаған. Сондықтан оларға өз қолдарымен заттарды ұстап көріп, көздерімен көру қажет. Балалардың жас ерекшеліктерінің сипаттарын ескере отырып, үйрету барысында іс-әрекеттердің жетекші түрі ойын технологиясы болып табылады.

АКТ ерте жастан өзекті болып табылатын мүмкіндік, ол – өздігінен жаңа білімді игеру біліктілігі. Компьютер бала өміріне ойын арқылы кіреді. Молайтылған компьютерлік құралдармен ойын іс-әрекеті барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыратын (теориялық ойлау,

дамыған қиял, әрекеттің нәтижесіне болжам жасау қабілеті, ойлаудың жобалық сапасы және т.б.) жаңадан пайда болған психика туындайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда флипчарт-сабақты жүргізу мен ақпараттық технологияларды қолдану барысында білімді меңгеру көлеміне байланысты балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда флипчарт-сабақты қолдану тәрбиелеу - оқыту үрдісін жаңғыртуға, тиімділікті арттыруға, балаларды іздену іс-әрекеттеріне итермелеуге, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып саралауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану тәрбиешілерге балаларды үйрету уәждемесін арттыруға көмектеседі және бір қатар жағымды себептерге әкеп соғады:

- балалардың материалдарды меңгеру үрдісін психологиялық жағынан жеңілдетеді;
- заттарды тануда жанды қызығушылыққа еліктіреді;
- балалардың жалпы ой-өрісін кеңейтеді;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне көрнекіліктерді қолдану деңгейі өседі;
- еңбекке деген нәтижелігі артады.

Сонымен, ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану балаларды айтарлықтай оңай және тиімді ерте жастан дамуына, ескішіл қол жұмысынан босатуға мүмкіндік береді, мектепке дейінгі білім үшін жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда бүгінгі заман талабына сай балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда ақпаратты технологияларды пайдаланудың тиімді жолдары көрсетілген. Ғылыми-техникалық ілгерілеу барысында білім беру үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнына жаңа талаптар ұсынылған.

В статье рассматриваются пути эффективного использования информационных технологий в развитии мышления детей в дошкольных организациях в соответствии с современными требованиями. Научно-технический прогресс и новые требования к содержанию образования, представленные в ходе организации учебного процесса.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану» Педагогика, психология кафедрасының оқытушысы Калмурзина Р.С.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ақпараттандыру инфрақұрылымын дамыту саласындағы шетел тәжірибесін сараптамалық шолу» – Алматы: «ҰАО» АО, 2012.
3. Интернет-ресурстар:

<http://www.prometheanworld.com>
<http://www.activsoftware.co.uk/update>
<http://elp.kz/mod/data/view.php?d=6&advanced=0&paging=&page=1>
<http://s43.radikal.ru/i100/1009/6e/d13bb364c581.jpg>
<http://ps-shtychki.ucoz.ru/skrinshoti12/240182924.gif>
<http://ps-shtychki.ucoz.ru/skrinshoti12/252653852.gif>
http://img-fotki.yandex.ru/get/5804/valenta-mog.ba/0_675b9_7a3d34d8_L.jpg
http://img-fotki.yandex.ru/get/5004/valenta-mog.ba/0_675c7_a2df39a3_L.jpg
<http://im7-tub-ua.yandex.net/i?id=173196650-71-73&n=21>
<http://im3-tub-ua.yandex.net/i?id=124414003-54-73&n=21>
http://img-fotki.yandex.ru/get/4513/nickali.33/0_63c62_d4e21245_XL
http://www.liveinternet.ru/users/vse_interesno/post190056163
<http://new-anoli.ru/post265472156>
http://spbgorod.ru/uploads/spbgboard/board8_30060.png
http://img-fotki.yandex.ru/get/4416/119528728.d97/0_a4fba_fe37524a_XL
http://img-fotki.yandex.ru/get/4526/132352990.7e/0_73c2d_1267fb68_L.png
http://img-fotki.yandex.ru/get/5823/132352990.7e/0_73c2c_7a533aab_L.png

МАЗМҰНЫ

1.	Кіріспе	3
2.	<i>Э.А.Суханбердиева.</i> Концептуальные основы обновления содержания дошкольного воспитания и обучения в Республике Казахстан.....	4
3.	<i>Ж.А.Жонтаева.</i> Новые тенденции внедрения современных методик и технологий в дошкольных организациях.....	7
4.	<i>Ш.С.Султангазиева.</i> Развитие системы дошкольного образования детей дошкольного возраста на основе инновационных технологий.....	11
5.	<i>Б.К.Игенбаева.</i> Педагогические условия применения инновационных методик и технологий в образовательном процессе дошкольных организаций.....	14
6.	<i>Marlene Cristina Espinosa Iglesias.</i> Educacion en Cuba.....	18
7.	<i>А.В.Бояринцева, Т. В. Ермолина.</i> Инновационный опыт организации дошкольного воспитания в рамках международного образовательного проекта «музыка и здоровье детей» в Казахстане.....	20
8.	<i>М.С.Чушева, Е.В.Красовская, Т.И.Белякович.</i> Формирование ответственного родительства в условиях учреждения дошкольного образования.....	22
9.	<i>В.О.Кондрашова.</i> Формирование эффективного отцовства как форма взаимодействия учреждения дошкольного образования с семьей.....	26
10.	<i>Е.В.Артыкбаева.</i> Педагогические возможности компьютерных обучающих игр национального центра информатизации в подготовке детей к школе.....	31
11.	<i>Б.Т.Баязова.</i> Творческо-поисковая деятельность детей дошкольного возраста.....	38
12.	<i>Р.Қ.Керимбаева.</i> Мектепке дейінгі ұйымға инновациялық технологияны ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмыс арқылы енгізу тәжірибесі	42
13.	<i>С.Ж.Ибадуллаева., Л.Раманова.</i> Жоғары оқу орнында биологияны оқытуда ұйымдастыру инновациялар және дәстүрлері.....	47
14.	<i>А.Б.Тоқбаева.</i> Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үрдісті жаңаландырудағы инновациялық педагогикалық технологиялар.....	66

15.	<i>С.Э.Ковалёв.</i> Развитие компетенций у педагогических работников дошкольных организаций в системе повышения квалификации.....	71
16.	<i>Т. А. Аксёнова, С.Э. Ковалёв.</i> Исследование динамики развития личности в процессе интегративной сказкотерапии.....	75
17.	<i>Л.В.Подобинская.</i> Театральная деятельность как условие успешного развития речи детей старшего дошкольного возраста	79
18.	<i>А.Қ.Жұмабаева.</i> Мектепке дейінгі тәрбие – жаңа үрдістердің бастауы.....	83
19.	<i>С.К.Ошакпаева.</i> Педагогическая система мариинской школы и современные требования образования.....	87
20.	<i>А.М.Мергенбаева.</i> Проектная деятельность как средство творческого мышления и познавательной активности дошкольников.....	94
21.	<i>С.Б.Жангазинова.</i> Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінде педагог мамандарды дайындаудың бүгінгі күнгі талабы.....	99
22.	<i>Г.А.Нурғалиева.</i> Особенности подготовки молодых специалистов для системы дошкольного воспитания, компетентных к использованию современных технологий и методик.....	103
23.	<i>Р.Е.Абдрахманова.</i> Арт-терапевтическая образовательная программа «Арман».....	106
24.	<i>К. К. Жолдасова.</i> Исследование условий инклюзивного образования.....	111
25.	<i>А.Қазыбай.</i> Мектепалды даярлық топтарында балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру.....	114
26.	<i>Л.М.Рахимжанова.</i> Сотрудничество семьи и детского сада как условие нравственно-духовного воспитания детей дошкольного возраста.....	118
27.	<i>Ғ.М.Құрманова.</i> Мектепке дейінгі мекемеде балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда жаңартылған технологияларды қолданудың ерекшеліктері.....	122
28.	<i>Б.Ж.Исабекова.</i> Апробация учебной программы дошкольного воспитания и обучения республики казахстан с использованием современных методик и технологий.....	127
29.	<i>Р.А.Бисенова.</i> Балабақшада жаңа инновациялық әдістер мен технологияларды пайдаланудың тиімділігі.....	132

30.	<i>А.Ш.Омарова.</i> Коучинг-сессия — балабақша педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыру жолының бірі.....	134
31.	<i>Л.Ж.Жагіпарова.</i> Особенности использования флипчарт-занятий в воспитательно-образовательном процессе.....	139
32.	<i>Б.К.Конакова.</i> Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы балалардың музыкалық қабілеттерін арттыру.....	142
33.	<i>М.Багдал.</i> Арт-терапия әдіс тәсілдерін қолдана отырып, баланың шығармашылық қабілетін дамыту.....	148
34.	<i>А.Н.Шонтыбаева.</i> Балабақшада педагогтарға психологиялық қолдау жасау.....	152
35.	<i>Ж.О.Бакишева.</i> Мектепке дейінгі жастағы баланы рухани – адамгершілікке тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы	158
36.	<i>М.Б.Абилдаева.</i> Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына инновациялық технологияларды енгізудің маңыздылығы	162
37.	<i>С.В.Сидельникова.</i> Интегрированный подход к образовательному процессу в дошкольных организациях в условиях реализации содержания общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.....	166
38.	<i>Д.М.Жуманова, Б.М.Жумабаева.</i> Инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалану.....	170
39.	<i>Л.А.Круг.</i> Метод проекта как средство развития речи и критического мышления дошкольников.....	173
40.	<i>Ж.П.Есжанова.</i> Дидактикалық ойындарды оқу іс- әрекетінде пайдалану	179
41.	<i>А.У. Камбарова.</i> Балалардың тілін дамытуда мнемотехника әдісін оқу іс- әрекетінде қолдану.....	185
42.	<i>Г.Бекбаева.</i> Ақпараттық технологиялар арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.....	188

«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
МЕКЕН-ЖАЙЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫ, VIP ҚАЛАШЫҒЫ, 3-ҮЙ, ТЕЛ.: 8(7172) 29-56-29
WWW.RC-DD.KZ, RCDD_INFO@MAIL.RU